№19 (304).
16 шілде,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы





ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ПІКІР АЛМАСТЫ

Қазақстан Президенті Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәнимен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәниге және оның әулетіне Әмір-Әке шейх Хамад бен Халифа Әл Тәнидің дүниеден озуына байланысты көңіл айту үшін Дохаға барды.

Президент қуатты әрі өркендеген Қатар Мемлекетін құруға шейх Хамадтың елеулі үлес қосқанын атап өтті.

– Ол көрнекті мемлекет қайраткері әрі қазақ халқының досы еді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазақ-қатар қарым-қатынасының қалыптасып, табысты дамуына шейх Хамад бен Халифа Әл Тәни зор еңбек сіңірді. Ол Қазақстанға екі рет ресми сапармен келді. Әмірді 1999 жылы сәуірдегі бірінші сапары кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев сыртқы саясат ведомствосының басшысы қызметінде қарсы алған.

Мемлекет басшысы шейх Хамадтың қолдауымен Астанада алғашқы еңселі әл-Фараби мешіті бой көтергенін, сондай-ақ Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асқанын ризашылықпен еске алды.

– Осындай қаралы сәтте Алла Тағаладан марқұмның жаны жәннатта болуын сұрап, дұға етеміз, – деді Қазақстан Президенті.

Қатар Әмірі шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни арнайы қолдауы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, бұл Қатар мен Қазақстан халықтарының бауырластық байланыстарының айрықша сипатын көрсететіне назар аударды.

Қатар тарапының бастамасымен мемлекеттер басшылары қазіргі халықаралық ахуал, соның ішінде Таяу Шығыстағы жағдай туралы пікір алмасты.

Президент Қатар Әмірін өзіне қолайлы уақытта Қазақстанға сапармен келуге шақыратынын растады. Шейх Тәмим бен Хамад Әл Тәни шақыруды ықыласпен қабыл алды.

Akorda.kz

ТАНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

(Портрет-эссе)

Бетон ішіндегі бөтен
Каз ХТИ-ға бір түсті.
Каз ГУ-ге де бір түсті.
Бір жыл оқып, зерттеді,
Кәдуілгі кірпішті...
(Журналистік фольклордан)



Екеуміздің туып-өскен жеріміздің арасы онша алыс емес еді. Бірақ соған қарамастан бізді студент кезімізде айдаладағы Мұратбек Тоқтағазин таныстырды. Сол жылдарда бұл Тоқтағазинге күн сайын ағылып қонақ келетін де жататын. Бір күні ол 5-ші жатақханадағы бөлмесіне шашы қалың, қасы одан да қалың, көзілдірікті бір жігітті ертіп келді. Сол заманда әбден көзіміз үйренген Брежневтің қасынан кейін қалың қас көріп тұрғанымыз осы. Бұл тегін қас болмады. Шымкенттегі әйгілі Қазақ химия-технология институтының студенті екен. Өзі құрылысшының, жоқ, құрылыс материалдарын әзірлейтін технологтың оқуын оқып жатқан көрінеді. Яғни, болашақ бетонтанушы немесе келешек кірпіштанушы. Біздің Тоқтағазиннің де таппайтыны жоқ, әйтеуір. Мынау да тынымсыз Тоқтағазин сияқты тыпыршыған біреу шығар.

Жоқ, бұл бала ондайға ұқсамайды. Көзі тым ойлы екен. Сол кітап суырып тастаған ойлы көзді дәрігерге көрсетіп алуға келгенін кейінірек білдік. Жаңа танысымыз салғаннан әдебиет туралы салмақты да салиқалы пікірлер айтты. Өзі өлең жазатын көрінеді. Өлең өретін баланың кірпіш өретіндердің арасында неғып жүргеніне онша түсініңкіремей отырмыз. Соны өзі де түсінбейді-ау деймін. Ал, не десең, о де, мынау тегін бала емес. Журфактың жырынды студенттерінің ортасына келдім ғой деп қымсынатын түрі жоқ. Ешкімнен ықпайды, кез-келгенімізді сөзден сүріндіреді. Бірақ аздап, аздап емес, едәуір қияли сияқты. Сәлден кейін болашақ ЖБИ-дің мамандығының сөзіне шетіміздің жібі бастадық.

Шымкенттің ширақ жігітіне шынымен таң қалдық. Бірақ шымкенттікі бола тұра сөздің «шырайын» шығаратын «шешеңге...» шешендігі жоқ екен. Омыраулап ортаға ұмтылмайды, ойланып отырып орнықты ой айтады. Ол тіпті шуақты Шымқаланың тумасы да болмай шықты. Сыр бойының ботатірсек бозбаласы көрінеді. Керек десеңіз, жатақханаға біздің Тоқтағазинді емес, жерлесі Әміржан Қосановты іздеп келіпті. Екеуі бір мектепте оқыпты. Бұл журфактыауызына қаратқан әбжіл Әміржанның қолды-аяққа тұрмайтын кезі. Бір жаққа шығып кетсе керек. 5-ші жатақхананың вахтасында, Тетя Настяның жанында соны сарылып күтіп отырғанда, Мұратбек кездесіп қалып, жөн сұрасқан. Сөйтсе бұлардың екеуі де әйгілі «Қазақстан пионерінің» тілшілері екен. Ол кездегі «Қазақстан пионерінің» тілшілері осы күнгі жас әртістер сияқты аса танымал. Қайда барса да еркін жүреді. Өздері бірін-бірі жақсы біледі. Бұл екеуі де сол тар жерде тарихи тұлғалар секілді табыса кеткен.

6-бетте »

• ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

ҰЛЫ ДАЛА ҚАЛҚАНЫ: ҚАҢЛЫ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХ ТЕГЕРІШІГІН ҚАЛАЙ БҰРДЫ?

«Шығыста Наймандарды, Оңтүстікте Қаңлыларды жеңсек, біз жарты әлемді билейтін боламыз»
(Қытай теледидары түсірген «Шыңғысхан» көркемсуретті фильмдегі Шыңғысханның сөзі)

Адамзат тарихында тұтас континенттердің тағдырын шешетін, өркениеттердің бетбұрысын айқындайтын ұлы кезеңдер болады. Біздің заманымызға дейінгі II ғасырдан бастап, Ұлы Дала төсінде дәл осындай геосаяси драма өрбіді. Бұл тарихи сәтте қазіргі Қазақстан аумағында салтанат құрған қуатты Қаңлы мемлекеті көшпелілер әлемін жаппай жойылу қаупінен сақтап, тарих көшін мүлде жаңа арнаға бұрды.

Қазақстан археологиясы мен этнографиясының атасы, академик Әлкей Марғұлан өзінің атақты «Ежелгі жыр-аңыздар» атты еңбегінде бағзы заманға терең бойлай отырып, басты ғылыми тұжырым жасайды. Ғалымның айтуынша, қазіргі Қазақстан аумағы – ежелгі Қаңлы мемлекетінің байырғы ата қонысы, өз жері.

Бұл пайым – Қаңлының сырттан келген уақытша бірлестік емес, осы топырақтың төл қожайыны, мемлекеттігіміздің алғашқы ірі қарашаңырағы болғанын айғақтайды. Дәл осы ұлан-ғайыр аумақты толық бақылап отырған ұлы держава тарихтың ең сын сағатында өз егемендігін танытты.

Сол заманның Шығыс Азиядағы ең алып әскери машинасы – Хан империясы бүкіл аймақты қорқынышта ұстап, көршілес халықтарды бағындырып жатты. Алайда, олардың бұл жаулап алушылық амбициясы Қаңлы мемлекетінің шекарасына келгенде, тасқа соғылған толқындай быт-шыт болды. Қаңлы ешқашан Хан мемлекетінің жаулап алу саясатына бой ұсынбады және оның үстемдігіне бас имеді. Бұған Хан тарихының атасы Сыма Цяньның «Тарихи жазбалар» («Ши цзи») кітабындағы хаттамалық мәлімет бұлтартпас дәлел болып табылады.



5-бетте »



ПАРТИЯЛАР НЕГЕ БІР-БІРІНЕ ШҮЙЛІКТІ?

Құрылтай сайлауы қарсаңындағы партиялық съездер бұл жолы құрғақ баяндамалармен ғана емес, уытты риторикасымен есте қалды. Саяси ұйымдар электораттың назары үшін ашық шайқасқа көшіп, оппоненттерінің идеологиясы мен бағдарламаларын аяусыз сынға алды.

«Риторикалық шабуылдың» көшін бастаған Respublica партиясы төрағасының орынбасары Олжас Құспеков кейбір экс-депутаттарды «ақалтекеге ұқсағысы келетін декоративті пониге» теңеді. «Ақ жол» партиясы да қалыс қалмай, бәсекелестерін «блогерлер жиналған топ» деп айыптап, қарымта жауап қайтарды. Өз кезегінде «Ауыл» партиясы социал-демократиялық бағытты желеу еткендердің қызметіне күмән келтірсе, ҚХП-ның экс-төрағасы Ермұхамет Ертісбаев барлық саяси күштің атауынан бастап бағдарламасына дейін шүйлігіп шықты. Көптен бері төбе көрсетпей кеткен ЖСДП өкілі Тазабек Самбетбай да дәстүрлі риторикасына басып, саяси ұйымдарды тек өз кәсіптерінің мүддесін ғана қорғайтын «саудагерлер мен көпестер» басқармауы тиіс деп мәлімдеді.

Осыған дейінгі сайлау науқандарында да партиялардың өзара айтыс-тартысына куә болдық. Бірақ мандат бұйырған соң, кешегі ымырасыз депутаттардың Парламент қабырғасында барлық өкпе-реніштіұмытып, заңдарды бір ауыздан мақұлдап жататынын да жиі байқадық. Сайлау алдындағы бұл принципшілдік ертең Құрылтай қабырғасында сақтала ма? Бұл – шынайы жария саясаттың жандануы ма, әлде кезекті сайлауалды «шоу» ма? Осы және өзге де сұрақтардың жауабын белгілі саясаттанушы Шыңғыс Ергөбектен сұрадық.

7-бетте »

ӘРБІР ЖОБА – ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ, ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУҒА ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлердің экономикалық әлеуетін арттыру, инвестиция тарту, өндіріс орындарын ашу және жаңа жұмыс орындарын құру бағытындағы міндеттерді тұрақты түрде айқындап келеді. Президент тапсырмасына сәйкес Түркістан облысында инвестициялық жобаларды сапалы әрі мерзімінде іске асыруға ерекше басымдық берілген. Осы бағыттағы жұмыстар Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен мәжілісте кеңінен талқыланды.

Жиында өңірде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың орындалу барысы сараланып, «TURAN» арнайы экономикалық аймағының бүгінгі жұмысы мен алдағы даму жоспарлары қаралды. Облыс әкімі ең алдымен әрбір инвестициялық жобаның өңір экономикасы үшін маңызы зор екенін атап өтіп, жауапты басқарма басшыларына нақты талап қойды.

– Президент инвестиция тарту мен өндірісті дамытуға ерекше мән беріп отыр. Әрбір жоба – жаңа жұмыс орны, жаңа өндіріс, халықтың әл-ауқатын арттыруға қосылған үлес. Сондықтан бірде-бір жоба қағаз жүзінде қалып қоймауы тиіс. Құрылысы тоқтап тұрған немесе мерзімінен кешігіп жатқан жобалар бойынша нақты шешім қабылдау қажет. Егер инвестор өзіне алған міндеттемесін орындай алмаса, заң талаптарына сәйкес жер телімін мемлекетке қайтарып, оны жұмыс істеуге дайын басқа инвесторларға беру керек. Құрылыс созылмауы тиіс. Әр жоба маңызды, бірақ оның толық әрі уақытылы жүзеге асырылуы одан да маңызды, – деді Нұралхан Көшеров.

Мәжілісте облыстық өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшылығы «TURAN» арнайы экономикалық аймағының қызметі туралы баяндама жасады. Жалпы аумағы 3603,3 гектарды құрайтын алаң әкімшілік-іскерлік, тарихи-мәдени және өнеркәсіптік бағыттағы бірнеше қосалқы аймақтан тұрады. 2019 жылдан бері жалпы құны 1 триллион 263 миллиард теңгені құрайтын 140 инвестициялық жоба тіркелген. Оларды жүзеге асыру нәтижесінде 13 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған. Қазіргі таңда 58 жоба іске асырылып, 3243 тұрақты жұмыс орны ашылды.

Биыл Үкіметтің тиісті қаулысына сәйкес арнайы экономикалық аймақтың аумағы оңтайландырылып, әкімшілік-іскерлік және тарихи аймақтардың бір бөлігі қысқартылды. Соның есебінен пайдаланылмай жатқан бірқатар аумақ жалпы қолданысқа қайтарылып, Түркістан қаласының жер және мүлік салығы бойынша бюджет кірісі жыл сайын шамамен 657,7 миллион теңгеге ұлғаяды.

Жиында әкімшілік-іскерлік аймақта құрылыс жұмыстары баяулаған бірқатар инвестициялық жобалар жеке қаралды. Қазіргі таңда тұрғын үй және коммерциялық нысандарды қамтитын 8 жобада құрылыс жұмыстары белгіленген кестеден кешігуде. Басқарушы компания тарапынан бірнеше мәрте ескерту актілері толтырылып, қала прокуратурасына жолданған.

Облыс әкімі жауапты мекемелерге әрбір жоба бойынша нақты іс-қимыл алгоритмін әзірлеуді тапсырды.

Сонымен қатар Түркістан қаласындағы 290 гектарлық өнеркәсіптік аймақта жалпы құны 157 миллиард теңгені құрайтын 14 жоба тіркелген. Оның алтауы іске қосылса, бірнеше жобада құрылыс жүргізілуде. 365 гектарлық Сауран индустриялық аймағында құны 86,9 миллиард теңгені құрайтын 8 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Мұнда негізгі мәселе – электр қосалқы станциясының құрылысын аяқтау және қажетті инфрақұрылымды толық қамтамасыз ету.

Кентау қаласындағы өнеркәсіптік аймақта жеті жобаның бесеуі іске қосылып, қалған екеуінде өндірістік дайындық жұмыстары жүргізілуде. Ал «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығында жалпы құны 102,1 миллиард теңгені құрайтын бес жоба тіркелген. Бұл аумақта инженерлік инфрақұрылым құрылысының барысы негізгі мәселе ретінде көтерілді.

Сондай-ақ Сайрам және Отырар аудандарындағы индустриялық аймақтардың жай-күйі талданып, қажетті инфрақұрылымды дамыту мен жер мәселелерін шешу бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Жиын барысында «TURAN» ар-найы экономикалық аймағын одан әрі дамытуға бағытталған жаңа бастамалар да таныстырылды. Атап айтқанда, аймақ аумағын 27,5 гектарға кеңейту, өнеркәсіптік аймақтарды толық абаттандыру, қоршау, бейнебақылау жүйелерін орнату, қатысушылардың жауапкершілігін күшейту үшін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу ұсынылды.

Жиынды қорытындылаған Нұралхан Көшеров Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді сапалы орындау – әрбір мемлекеттік орган мен инвестордың ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті.

«АЗИЯ МИЛК» ЖЫЛЫНА 1400 ТОННАҒА ЖУЫҚ СҮТ ӨНДІРЕДІ

Төлеби ауданында БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры ұйымдастырылды. Сапардың мақсаты – ауданда жүзеге асырылып жатқан жобалармен таныстыру және өңірдің өндірістік әлеуетін көрсету. Тур аясында БАҚ өкілдері аудан экономикасына оң әсер етіп, өңірдің әлеуетін арттыруға бағытталған бірқатар нысандарды аралап, олардың жұмысымен танысты.

Алдымен журналистер Сұлтанрабат елді мекеніндегі «AiK.kz» кәсіпорнында болды. Сағатына 2 мың дана жұмыртқа науасын (лотогын) өндіретін нысан биыл пайдалануға берілген. Жобаның жалпы құны - 250 млн теңге. Қазіргі таңда онда 20 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Пресс-тур бағдарламасы аясында өңірдегі балық шаруашылығын дамытуда алдыңғы қатардан көрініп жүрген «Fish House» ЖШС-нің жұмысы таныстырылды. Киелітас ауылдық округіне қарасты Достық ауылында 2025 жылдың шілде айында ашылған кәсіпорын жылына 300 тонна балық өндіреді. Онда 20 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Кәсіпорында балықтың форель, сазан және ақ амур түрлері өсіріледі. Айта кетейік, кәсіпорын 2025 жылы Қазақстанның «Ең үздік балық өндірушісі» атанған.

Сапар аудан орталығы Ленгір қаласында орналасқан «Dana» тігін цехында жалғасты. Жеке кәсіпкер Дана Жұмабаева өз қаражаты есебінен ашқан кәсіпорында жылына 150 мың дана жаздық және 90 мың дана қыстық арнайы жұмыс киімі тігіледі. Еліміздің барлық өңірлерімен әріптестік байланыс орнатқан цех өнімдерін көршілес Ресейге де экспорттайды.

Сапар аясында Зертас елді мекенінде салынып жатқан спорт кешенінің құрылысы таныстырылды. 2025 жылы басталған құрылыс облыстық бюджет есебінен жүргізілуде. Жоспарға сәйкес, 2027 жылы пайдалануға берілетін кешенде 45 орындық кіші спорт залы, баскетбол, волейбол және күрес залдары, сондай-ақ заманауи жаттығу залы болады.

БАҚ өкілдерінің назарына «Азия Милк» шаруа қожалығы да ұсынылды. Жоба құны 1 млрд. теңгені құрайтын фермада жылына 1300-1350 тонна сүт өндіріледі. Жалпы 40-тан астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырған кәсіпорынның алғашқы кезеңі 2025 жылдың соңында пайдалануға беріліп, онда 564 бас ірі қара болған. Ал екінші кезеңі 2026 жылы іске қосылып, мал басы 636-ға жеткен.

Бағдарлама аясында делегация аудан орталығында құрылысы жүріп жатқан «Төлеби баба» музейімен де танысты. Аталған нысанды биыл шілде айында пайдалануға беру жоспарланған. «Төлеби ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің тапсырысымен салынып жатқан музейдің жалпы құны 372,2 млн. теңгені құрайды.



КЕНТАУ ҚАЛАСЫНДА ЗАМАНАУИ ЕКІ ЗАУЫТ АШЫЛДЫ

Түркістан облысы Кентау қаласындағы «Turan» арнайы экономикалық аймағында «Kentau Cable Industries» компаниялар тобы жүзеге асырған екі жаңа өндіріс орнының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Атап айтқанда, жоғары жылдамдықты интернет желілеріне арналған оптикалық кабель шығаратын «Kentau Cable Industries» зауыты мен электр құрал-жабдықтарына арналған металл шкафтарын өндіретін «ElectroCore» зауыты ресми түрде пайдалануға берілді.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров жаңа кәсіпорындардың өңір экономикасын дамытудағы маңызына тоқталды.

– Бүгін баршамыз үшін маңызды әрі тарихи сәттің куәсі болып отырмыз. Кентау қаласында жоғары жылдамдықты интернет желілеріне арналған кабель өндіретін және электр құрал-жабдықтарына арналған металл шкафтарын өндіретін заманауи зауыттың іске қосылуы өңіріміздің өндірістік әлеуетін арттырып, экономикалық дамуына серпін береді. Мемлекет басшысы өндірісті дамытуға, жаңа технологияларды енгізуге, шикізатқа емес, терең өңдеу саласына басымдық беру және халықты тұрақты жұмыспен қамту жөнінде тапсырма берді. Бүгінгі іске қосылып отырған кәсіпорын осы міндеттердің нақты жүзеге асуының айқын көрінісі деп білемін. Қос зауытта 200-дей адам жұмыспен қамтылады. Бұрыннан өндірістің қаласы болып танылған Кентау бүгінде сол деңгейіне қайта оралып жатыр. Шаһардың екінші серпіні, жаңа тынысы ашылды. Осы игі бастаманың жүзеге асуына үлес қосқан инвесторларға, құрылысшыларға, мамандарға және барша еңбек ұжымына алғысымды білдіремін. Біз өндірісті дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастыра береміз, – деді Нұралхан Көшеров.

«Kentau Cable Industries» ЖШС мен «ElectroCore» ЖШС-нің директоры Асқар Баймырзаұлы Кентауда іске қосылып отырған өндірістердің заманауи технологияларға негізделгенін атап өтті. Оның айтуынша, кәсіпорындардың басты мақсаты – ішкі нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, экспорттық әлеуетті арттыру. Сондай-ақ өндірісті кезең-кезеңімен кеңейту, өнім түрлерін көбейту және жаңа жұмыс орындарын ашу жоспарланып отырғанын жеткізіп, жобаның жүзеге асуына қолдау көрсеткен Мемлекет басшылығына, Түркістан облысы әкімдігіне және барлық серіктестерге ризашылығын білдірді.

Жаңа өндірістердің бірі – «Kentau Cable Industries» ЖШС жоғары жылдамдықты интернет желілеріне арналған оптикалық кабельдер шығарады. Жоба құны 1,7 млрд. теңгені құрайды. Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы жылына 33 мың шақырым оптикалық кабель және 12 мың шақырым микротүтік пакеттерін өндіруге мүмкіндік береді. Зауытта 100-ге жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылады.



Кәсіпорында кабель өнімдерін шығарудың толық өндірістік циклі жолға қойылған. Өндіріс бағдарламалық басқару жүйесімен жабдықталған автоматтандырылған желілерде жүзеге асырылады. Жабдықтардың компоненттік базасы Siemens, Bosch, ADVANTECH, Panasonic секілді әлемдік жетекші өндірушілердің технологияларына негізделген.

Екінші жоба – «ElectroCore» ЖШС. Кәсіпорын электр құрал-жабдықтарына арналған металл шкафтарын өндіреді. Жобаға 1,5 млрд. теңге инвестиция тартылған. Өндірістің жылдық қуаттылығы 12 мың дана өнім шығаруға жетеді. Мұнда да 100-дей жаңа жұмыс орны ашылған.

Нұралхан Көшеров жұмыс сапары барысында Кентау қаласындағы өндірістік паркке барып, жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалармен танысты. Шаһарда өндіріс, ауыл шаруашылығы, туризм және өзге де салалар бойынша ауқымды жобалар жоспарланған. Бұрынғы ескі кәсіпорындардың ғимараттары қайта жөнделіп, жаңа зауыттарға айналуда. Облыс әкімі жауаптыларға жүйелі жұмысты жалғастырып, өндіріс орындарын көбейтуді тапсырды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН ДРОНДАР ӨНДІРІЛЕДІ

Сауран ауданындағы «Шаға» өндіріс алаңында БАҚ өкілдеріне арналған пресс-тур ұйымдастырылды. Сапар мақсаты – ауданда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалармен таныстыру, өңірдің өндірістік әлеуетін көрсету. Тур аясында БАҚ өкілдері өндірістік алаңда жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың қызметімен танысып, инвестициялық жобалар жөнінде жан-жақты ақпарат алды. Алғашқы болып «BNK Group» кәсіпорны таныстырылды. Компания - ауыл шаруашылығы саласына арналған технологиялық жабдықтарды өндіретін жетекші қазақстандық кәсіпорындардың бірі саналады. Бүгінде «BNK Group» американдық «Nelson Irrigation» компаниясымен бірлесіп, «BNK IRRIGATION» сауда белгісімен айналмалы және фронтальды жаңбырлатып суару құрылғыларын құрастырады. Сонымен қатар, кәсіпорында ауыл шаруашылығы техникалары құрастырылып, агродрондар дайындалады.

Пресс-тур бағдарламасы аясында «Aqniet Holding» кәсіпорнының өндірістік әлеуеті де таныстырылды. Компания білім беру ұйымдарына арналған жиһаз өндіруге маманданған. Соңғы үш жыл ішінде еліміз бойынша 50-ге жуық мектепті заманауи жиһазбен қамтамасыз еткен кәсіпорында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының талаптарына сәйкес өнімдер шығарылады. Сондай-ақ, онда «KAZMEDPRIBOR» компаниясымен бірлесіп медицина мекемелеріне арналған арнайы жабдықтар өндіріледі.

Сапар аясында «Юпитер-М» ЖШС-ң өндірістік жобасы таныстырылды. Кәсіпорын жаңбырлатып және тамшылатып суару жүйелерін өндіреді. Жылдық өндірістік қуаты 1750 тоннаны құрайтын зауыт бүгінде толық қуатында жұмыс істеп, өнімдерін ішкі нарықпен қатар Өзбекстан Республикасына экспорттауда. Кәсіпорында 20 жаңа жұмыс орны құрылған.

Сондай-ақ, БАҚ өкілдеріне «TURSAPA» полиэтилен өнімдерін шығаратын зауыттың өндірістік мүмкіндіктері көрсетілді. Кәсіпорында тұрмыстық және өндірістік мақсаттағы полиэтилен өнімдері мен әртүрлі көлемдегі қоқыс қаптары өндіріледі. Жоба ішкі нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз етуге бағытталған.

Пресс-тур бағдарламасына «Turan Su» кәсіпорнының өндірісі де енгізілді. 2019 жылы құрылған мекеме ирригациялық жүйелерді күтіп ұстау, жөндеу және реконструкциялау жұмыстарымен айналысады. Сонымен қатар, кәсіпорын индустриялық парк аумағында тамшылатып суару құбырларын өндіретін жаңа зауытты іске қосқан. Өндірістің жылдық қуаты 183 мың шақырымнан астам тамшылатып суару ленталарын, 5 256 дана полиэтилен құбырларын және 2 117 шақырым шлангілерді шығаруға мүмкіндік береді. Кәсіпорында 20 қызметкер екі ауысымда еңбек етеді. Жоба ауыл шаруашылығында су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізуге бағытталған.

БАҚ өкілдерінің назарына «Avatar Agricultural Technology Development» ЖШС жүзеге асырып жатқан агродрондар өндірісі де ұсынылды. Жоба аясында жылына 600 дана ауыл шаруашылығына арналған дрон шығару жоспарланған. Қазіргі уақытта өндірістік алаң дайындалып, қажетті құрал-жабдықтар толық орнатылған. Алғашқы сынамалық үлгілер әзірленген. Қазіргі кезде жобаны толық іске қосу үшін азаматтық авиация саласындағы тиісті рұқсат құжаттарын рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

Бағдарлама аясында «Daulet Holding» кәсіпорнының өндірістік қызметі де таныстырылды. Кәсіпорын жылына 36 500 дана ішкі ағаш есік өндіреді. Өндіріс орнында 40-қа жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Заманауи технологиялар қолданылатын кәсіпорында шикізатты іріктеу, ағашты өңдеу, құрастыру және әрлеу жұмыстары толық өндірістік цикл бойынша жүзеге асырылады.

adilet-gazeti.kz

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ – ҚҰНЫ ЖОҒАРЫ ӨНІМ ШЫҒАРАТЫН ӨНДІРІСТЕРДІ ДАМЫТУ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің Қытай Халық Республикасына жасаған жұмыс сапары нақты нәтижелерін бере бастады. Сапар аясында жүргізілген келіссөздердің жалғасы ретінде бүгін Түркістан қаласында Қытайдың жетекші өндірістік компанияларының бірі – Henan Sulipu Cable Co., Ltd. компаниясының өкілдерімен маңызды кездесу өтті.

Кездесуде Түркістан облысында кабель өнімдерін өндіру және түсті металдарды терең өңдеу жөніндегі ауқымды инвестициялық жобаны жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Жалпы инвестиция көлемі 8,5 млрд. теңгені құрайтын жоба өңірдің индустриялық әлеуетін арттырып қана қоймай, жаңа өндіріс орындарын ашуға және экспортқа бағытталған өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров соңғы жылдары Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілгенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес өңірлерге инвестиция тарту, жаңа өндірістер ашу және экономиканы әртараптандыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Түркістан облысы өндірістік-инвестициялық жобаларды іске асыруға қолайлы өңір ретінде қалыптасып келеді. Біздің мақсатымыз – шикізат экспорттаумен шектелмей, қосылған құны жоғары өнім шығаратын өндірістерді дамыту. Бүгінгі жоба осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі. Түркістан облысына инвестиция салу арқылы инвесторлар Қазақстан нарығымен қатар Орталық Азия, Қытай, Ресей және Еуропа бағыттарына шығу мүмкіндігіне ие болады. Біз әрбір инвестордың бастамасын қолдауға және жобалардың табысты жүзеге асуына барлық жағдай жасауға дайынбыз. Бұл өндіріс өңір экономикасының дамуына ғана емес, Қазақстан мен Қытай арасындағы өндірістік кооперацияны жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді, – деді облыс әкімі.

Жоба екі кезең бойынша іске асырылады. Бірінші кезеңде кабель және түсті металл өнімдерін өндіретін заманауи зауыт салынады. Кәсіпорында мыс, жез және алюминий негізіндегі өнімдердің кең ауқымы шығарылмақ. Атап айтқанда, тәулігіне 30 тонна таза мыс өңделіп, кабельдер, электр сымдары және мыс катанкалары өндіріледі. Сонымен қатар жез катанкалары мен профильдері, алюминий табақтары, таспалары және сымдары шығарылады. Кәсіпорынның өндірістік қуаты тәулігіне 30 мың метр кабель және электр сымдарын өндіруге мүмкіндік береді.

Жобаның екінші кезеңінде қорғасын-мырыш оксидін өндіретін жоғары технологиялық өндірістік кешен салу жоспарланған. Экологиялық қауіпсіз технологиялар қолданылатын бұл кәсіпорын жылына 15 мың тонна өнім өндіреді.

Жобаны іске асыру нәтижесінде өңірде жаңа жұмыс орындары ашылып, түсті металл өңдеу өнеркәсібінің жаңа бағыты қалыптасады. Сонымен қатар мыс, алюминий және жез өнімдерін терең өңдеудің толық өндірістік тізбегі құрылып, жергілікті бюджет кірістері ұлғаяды.

Кездесу барысында тараптар өндіріс орнын орналастыру, инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, арнайы экономикалық аймақтардың мүмкіндіктері және мемлекеттік қолдау тетіктерін талқылады.

Нұралхан Көшеров Түркістан облысының географиялық орналасуы мен индустриялық мүмкіндіктеріне тоқталып, өңірдің Орталық Азиядағы маңызды логистикалық және өндірістік хабтардың біріне айналып келе жатқанын жеткізді.

Айта кетейік, соңғы жылдары Түркістан облысында инвестициялық ахуалды жақсарту және өңдеу өнеркәсібін дамыту бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Соның нәтижесінде өңірде жаңа өндірістер іске қосылып, шетелдік инвесторлардың қызығушылығы артып келеді. Бүгін талқыланған жоба да Түркістан облысының индустриялық және экспорттық әлеуетін күшейтуге бағытталған маңызды бастамалардың бірі болмақ.

ӨҢІРДІ ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНДЫ

2026 жылғы 24 маусым күні сегізінші шақырылымдағы Түркістан облыстық мәслихатының кезекті жиырма үшінші сессиясы өтті. Сегізінші шақырылымдағы облыстық мәслихаттың кезекті жиырма үшінші сессиясының жұмысына облыс әкімі Нұралхан Көшеров, облыс әкімдігінің мүшелері, қалалық, аудандық мәслихат төрағалары, Кентау қаласы мен Сарыағаш ауданының әкімдері, облыстың мемлекеттік органдарының басшылары, облыстық қоғамдық ұйымдар өкілдері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессия жұмысын облыстық мәслихат төрағасы Нұралы Әбішов жүргізді. Сессияның күн тәртібінде 27 маңызды мәселе қаралды.

Атап айтқанда, облыс әкімдігінің және тексеру комиссиясының облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептері, сондай-ақ Түркістан облысының кәсіпкерлік және сауда, мәдениет, мемлекеттік сатып алу, дін істері, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жұмылдыру даярлығы, аумақтық қорғаныс және азаматтық қорғау, өнеркәсіп және индустриалдық-инновациялық даму басқармалары басшыларының есептері тыңдалды. Кентау қаласы мен Сарыағаш ауданы әкімдері қалаға және ауданға республикалық, облыстық бюджеттен бөлінген қаржылар туралы мәлімет берді.

Жалпы, сессия жұмысында қаралған мәселелер бойынша мәслихат депутаттары тиісті шешімдер қабылдады.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров сессия жұмысын қорытындылап, мәслихат жұмысына табыс тіледі.

– Бүгінгі сессияда облыс тарихына әсер ететін маңызды мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Бастамаларға қолдау білдірген депутаттарға алғысымды білдіремін. Жуырда Түркістанда Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті жоғары деңгейде өтті. Мемлекет басшысы Түркістан жұртшылығына ризашылығын білдірді. Бұл – ауызбіршіліктің жемісі. Бірлескен жұмыс нәтижесінде Түркістан облысы экономика, инвестиция тарту және жалпы даму бағытында жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді. Биылғы 5 айда қысқа мерзімді экономикалық өсім 123,3 пайызды құрап, облысымыз республикада 1 орынға шықты. Өңірді дамыту жұмыстары жалғасады, – деді Нұралхан Көшеров.

Облыстық мәслихат депутаттары өңірдегі атқарылған жұмыстарға оң бағаларын беріп, тиісті ұсыныстарын айтты. Маңызды шешімдер қабылданды.

Айта кетейік, биыл Түркістан облысында инвестицияларды тарту индикаторы 1 трлн. 783,9 млрд. теңге көлемінде бекітілген. Осы жылдың 5 айының қорытындысымен 614,2 млрд. теңге инвестиция бағытталып, өсім 150,5%-ды құрады. Ал 2025 жылдың қорытындысымен тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 1 млрд. 998,2 млн. АҚШ долларын құрап, жылдық жоспар 4 есе жоғары орындалды. Бұл көрсеткіш бойынша Түркістан облысы елімізде 1 орында.

Облыста 2026-2029 жылдар аралығында жүзеге асырылатын 2,8 трлн. теңгеге 122 инвестициялық жобаның пулы қалыптастырылды. Бұл жобалар арқылы 17820 жұмыс орнын құру көзделуде. Оның ішінде, шетелдік капиталдың қатысуымен жалпы құны 608,9 млрд. теңгеге 30 инвестициялық жоба іске асырылып жатыр.

Жобалар толық іске қосылғанда 7 799 жұмыс орны құрылмақ. Биыл 369,4 млрд. теңгеге 67 инвестициялық жоба іріктелген. 5 айдың қорытындысымен жалпы құны 42,4 млрд. теңгеге 11 инвестициялық жоба іске қосылды. Нәтижесінде 407 жұмыс орны ашылды.



ӨНДІРІСТІК ПАРКТЕРДЕ 98 ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровнің төрағалығымен аудан, қала әкімдері мен жауапты басқарма басшыларының қатысуымен өндірістік парктерді дамыту мәселесіне арналған мәжіліс өтті.

Жиында өңірдегі өндірістік парктердің құрылысы, инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы және инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмыстары сараланды.

Бүгінде облыста 29 шағын өндірістік парк құрылып, 275 өндірістік ғимараттың құрылысы басталған. Оның 150-і пайдалануға берілді. Жалпы құны 226,9 млрд. теңгені құрайтын 269 инвестициялық жоба қалыптастырылып, бүгінгі таңда 98 жоба іске қосылды.

Өндірістік парктерде өңір экономикасын әртараптандыруға бағытталған жаңа өндірістер ашылып жатыр. Шаға өндірістік паркінде жиһаз өндірісі, сэндвич-панель және металл бұйымдарын шығаратын кәсіпорындар жұмысын бастаған. Сауран ауданында да жиһаз, құрылыс материалдары мен металл өңдеу бағытындағы өндірістер іске қосылып, жаңа жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Шардара ауданында модульді және капсулалы үйлер, термопанельдер, қасбеттік және декоративті материалдар шығаратын цехтар ашылды. Отырар ауданында темір бұйымдары, құрама жем, жемістерді сублимациялық әдіспен кептіру және құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындар іске қосылды.

Төлеби ауданында полиэтилен өнімдері, пластик есік-терезелер, жиһаз және құрылыс материалдары өндірісі жолға қойылды. Қазығұрт ауданында бал шаруашылығына арналған жәшіктер, матрас шығару және пластик ыдыстарды қайта өңдеу жобалары жүзеге асырылуда. Жетісай ауданында жиһаз жасау, металл бұйымдарын өндіру және дәнекерлеу цехтары жұмысын бастады. Созақ ауданында төрт өндірістік жоба іске қосылып, дайын ғимараттар кәсіпкерлерге берілді.

Сонымен қатар Түркістан, Арыс, Кентау қаласы, Ордабасы, Сарыағаш, Мақтаарал, Келес, Сайрам, Түлкібас және Бәйдібек аудандарындағы өндірістік парктерде құрылыс жұмыстарын аяқтау, инженерлік инфрақұрылымды жеткізу және инвесторлар орналастыру жұмыстары жалғасуда.

Мәжілісте кейбір өндірістік парктерде электрмен қамту, құрылыс қарқыны және жобаларды іске қосу мерзімдерінің кешеуілдеуі де талқыланып, электрге жауапты мекемелерге тапсырмалар берілді.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров барлық аудан және қала әкімдеріне өндірістік ғимараттардың құрылысын белгіленген мерзімде аяқтап, бос тұрған нысандарға инвесторлар тартуды, меморандум жасалған жобаларды нақты өндіріске айналдыруды тапсырды. Сондай-ақ инженерлік инфрақұрылым мәселелерін жедел шешіп, өндірістік парктердің екінші кезеңі аясында салынатын жаңа өндірістік ғимараттардың құрылысын уақтылы аяқтауды міндеттеді.







ӨҢІР ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ БОЙЫНША КӨШ БАСТАДЫ

2026 жылдың қаңтар-мамыр айларының қорытындысы бойынша Түркістан облысы экономикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында оң динамика сақталды. Есепті кезеңде қысқа мерзімді экономикалық өсім 123,3 пайызды құрап, Түркістан облысы республика бойынша 1 орынды иеленді. Қаңтар-мамыр айларында негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің барлығы орындалып, жоспарлы межелерге қол жеткізілді. Бұл туралы Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбектің төрағалығымен әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттің атқарылуы бойынша өткен жиналыста айтылды.

Облыс әкімінің орынбасары жауапты тұлғаларға жоспарлы көрсеткіштерді толық орындау бойынша міндеттер жүктеді.

– Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен бюджет жоспарының сапалы орындалуын қамтамасыз етуді, белгіленген межелерге қол жеткізу бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырамын, – деген Қанат Қайыпбек тапсырмалардың орындалуын тұрақты бақылауында ұстайтынын айтты.

Жиында Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Күмісбек Жаппар 2026 жылғы 5 айдың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары бойынша баяндама жасады. Оның мәлімдеуінше, жалпы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы тұрақты бақылауда тұр. Жоспарды орындау мақсатында ай сайынғы талдау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар салалар бойынша маусым айына бекітілген көрсеткіштер жоспары толық орындалады деп күтілуде.

Есепті кезеңде өнеркәсіп өнімінің көлемі 722,4 млрд. теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 131,9%-ды құрады. Өңдеу өнеркәсібінде 346,8 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 149,7% деңгейінде қалыптасты. Бұл жоспарланған көрсеткіштен (107,7%) едәуір жоғары. Тау-кен өндіру саласында 312,7 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 119,0%-ға жетті. Ауыл шаруашылығы саласында 259,5 млрд. теңгенің өнімі өндіріліп, өсім қарқыны 110,7%-ды құрады.

Жыл басынан бері негізгі капиталға 614,2 млрд. теңге инвестиция тартылып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 150,5%-дық өсім қамтамасыз етілді. Сауда көлемі 356,3 млрд. теңгені құрап, өсім 119,7%-ға жетті. Құрылыс жұмыстарының көлемі 134,2 млрд. теңгені құрап, өсім 108,3%-ды көрсетті. Сонымен қатар 353,8 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 115,6%-дық өсіммен қол жеткізілді. Көлік және қоймалау қызметтерінің көлемі 129,3 млрд. теңгеге жетіп, өсім 116,5%-ды құрады. Байланыс қызметтерінің көлемі 5,3 млрд. теңгені құрап, 108,9% өсім көрсетті. Жалпы салалар бойынша көрсеткіштер артығымен орындалды.

Сонымен қатар жиын барысында осы жылдың 1 маусымдағы жағдайға бюджеттің атқарылуы туралы Облыс қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Гульфари Ажиметованың баяндамасы тыңдалды. Оның баяндауынша, өзіндік кірістердің нақты түсімі 135,7 млрд. теңгені құрап, жоспар 6,4 млрд. теңгеге артығымен орындалды. Былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда өзіндік кірістердің түсімі 21,5 млрд. теңгеге немесе 18,8%-ға артты.

ЖАҢА БИЗНЕС ЖОБАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ

Ордабасы ауданында кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бұл бағытта «TURKISTAN» Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы КММ-нің аудандық бөлімі кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау шараларын түсіндіру, бизнес-жобаларды сүйемелдеу және қаржыландыру көздеріне қол жеткізуге жәрдемдесу жұмыстарын тұрақты жүргізуде.

Орталық мамандары кәсіпкерлерге мемлекеттік бағдарламаларға қатысу, жеңілдетілген несие мен гранттық қаржыландыру мүмкіндіктерін пайдалану бойынша кеңес беріп, жобаларды әзірлеу және іске асыру кезеңдерінде жан-жақты қолдау көрсетуде. Сонымен қатар бизнес-жоспар дайындау, қажетті құжаттарды рәсімдеу және қаржы ұйымдарына ұсыну бағытында қызметтер ұсынылуда.

Биылғы жылдың алғашқы алты айында бөлім тарапынан 152 кеңес беру қызметі көрсетіліп, 74 бизнес-жоспар әзірленді. Сондай-ақ жалпы құны 339 миллион теңгені құрайтын 40 кәсіпкерлік жобаға сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді.

Бұдан бөлек, кәсіпкерлерге жер учаскелерін рәсімдеу, нысаналы мақсатын өзгерту, құрылыс салуға қатысты рұқсат құжаттарын алу, техникалық шарттарды рәсімдеу және инженерлік инфрақұрылым желілеріне қосылу мәселелері бойынша да жан-жақты қолдау көрсетілуде.

Алдағы уақытта да кәсіпкерлердің бастамаларын қолдау және жаңа бизнес жобалардың жүзеге асуына жағдай жасау бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

adilet-gazeti.kz

ЕРІКТІЛІК – ЕРЛІК ЖАСАУДАН БҰРЫН, ЖҮРЕКТЕН БАСТАЛАТЫН ИГІ ҚАДАМ!

Сауран аудандық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жастар арасында «Еріктілік – ерлік пе, әлде жүрек қалауы ма?» атты семинар-тренинг өткізілді. Шараның басты мақсаты – жастардың еріктілік қызметіне деген қызығушылығын арттыру, қоғамға деген жанашырлық пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру, ізгілік пен мейірімділік құндылықтарын дәріптеу.

Семинар барысында еріктілік қызметінің қоғамдағы маңызы, еріктінің азаматтық ұстанымы мен жауапкершілігі туралы кеңінен айтылып, қатысушылар өз пікірлерімен бөлісті. Жастар еріктілік – міндет емес, жүректен шығатын игі іс екендігі туралы ой қозғап, белсенді пікір алмасты.

Тренингтің ерекше өтуіне бағытталған түрлі психологиялық, танымдық және командалық ойындар ұйымдастырылды. Қатысушылар ойындар арқылы ұйымшылдықты, көшбасшылық қабілеттерін, өзара сенім мен тиімді қарымқатынас жасауды дамытып, белсенділік танытты. Көтеріңкі көңіл күйде өткен шара жастарға ерекше әсер сыйлап, олардың еріктілікке деген ынтасын арттыра түсті.

Осындай мазмұнды кездесулер жастардың бойындағы мейірімділік, жауапкершілік және азаматтық белсенділік сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Еріктілік – ерлік жасаудан бұрын, жүректен басталатын игі қадам!

ЖАСТАРДЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНА ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРДЫ

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде заң факультетінің түлектеріне диплом тапсыру рәсімі өтті. Іс-шараға қонақ ретінде Түркістан облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Б.Зиятаев, Тергеу басқармасының бастығы М.Сейділдаев және Анықтау басқармасының бастығы С.Тұрмановтар барды.

Кездесу барысында полицейлер жас түлектердің оқуын сәтті аяқтауымен құттықтап, полицияда қызмет өткерудің мүмкіндіктері, әлеуметтік кепілдіктер, кәсіби өсу перспективалары мен ІІМ жүйесінде жұмыс істеудің артықшылықтары туралы жеткізді.

Болашақ заңгерлерге ІІО қызметіне кіру тәртібі мен кандидаттарға қойылатын талаптар түсіндірілді, сондай-ақ бүгінгі күні полиция заманауи құқықтық білімі бар сауатты және білікті мамандарды тартуға мүдделі екенін атап өтті.

Тәртіп сақшылары полициядағы қызмет тек жауапты мамандық емес, сонымен қатар қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға күн сайын үлес қосу мүмкіндігі екенін жеткізді.

Кездесу соңында полиция басшылығы түлектердің университетте алған білімі мен кәсіби дайындығы ел игілігі үшін табысты қызмет етудің негізі болатынына сенім білдіре отырып, ішкі істер органдарының қатарын толықтыруға шақырды.

Естеріңізге сала кетейік, Полиция департаменті мен Халықаралық қазақ-түрік университеті арасында «дуалды» оқыту жүйесі аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. Тығыз өзара іс-қимылдың арқасында болашақ мамандар теориялық дайындықты ғана емес, сонымен қатар Ішкі істер органдарында одан әрі қызмет ету үшін қажетті практикалық тәжірибені де алады.

ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Ұлы дала төсінде «Заң мен тәртіп» қағидатының салтанат құруы – кемел келешектің басты кепілі. Осы орайда, Түркістан облысында ата заңымызда айшықталған адам құқықтары мен бостандықтарын, заң үстемдігі мен қоғамдық келісімнің асыл құндылықтарын бұқара арасында кеңінен насихаттау мақсатында ауқымды іс-шара ұйымдастырылды. Сала мамандары мен білікті психологтардың басын қосқан, өзара тәжірибе алмасу мен кәсіби біліктілікті ұштауды көздеген «Еркіндік әлемі» атты облыстық семинар-тренинг өзінің жұмысын нәтижелі қорытындылады.

Бұл алқалы жиын демократиялық қағидаттарды орнықтыруға, құқықтық мәдениетті ілгерілетуге және әрбір отандасымыздың бойында азаматтық жауапкершілікті дәріптеуге бағытталған соны қадам болды. Жақында ғана, яғни ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап жалпыхалықтық референдум нәтижесінде қабылданған жаңа Конституцияның ресми түрде қолданысқа енуі – елдігімізді бекемдеп, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы тарихи әрі жасампаз қадам екені даусыз. Жиынға қатысушылар осы жасампаз реформалардың мән-маңызын тереңнен тарқатып, қоғам санасын жаңғыртудың тетіктерін талқылады.

Аталмыш тағылымы мол семинар-тренингтің жоғары деңгейде өтуіне Түлкібас аудандық «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйытқы болды. Жиынның маңызы мен ауқымының кеңдігін оған қатысқан меймандардың құрамынан-ақ айқын аңғаруға болады. Басқосуға Түркістан облысына қарасты барлық аудандардың еңселі психологтары, Түлкібас аудандық полиция бөлімінің (АПБ) майоры, «Отбасын қолдау орталығының» білікті мамандары, Түлкібас аудандық емханасының жауапты психологтары, сондай-ақ З.Ғұбайдуллин атындағы жалпы білім беретін мектептің психологы мен қоғамдық істерге белсене араласып жүрген жалынды жастар арнайы қатысты.

Іс-шара тек құрғақ баяндамалармен шектелмей, қатысушылардың кәсіби шеберлігін шыңдайтын сындарлы бағытта өрбіді. Жиын барысында қатысушылар арнайы ұйымдастырылған психологиялық тренингтер мен топтық жұмыстарға белсене араласты. Мамандар интерактивті сипаттағы жаттығуларды орындау барысында күнделікті жұмыс процесінде аса қажетті саналатын эмоционалдық тепе-теңдікті сақтау, күйзеліске қарсы тұру және азаматтармен тиімді коммуникация орнату өнерін өзара ортаға салып, кәсіби тұрғыдан шыңдала түсті.

КИЕЛІ ӨЛКЕДЕГІ КЕЛЕЛІ БАСТАМА

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйытқы болуымен, аймақтағы белсенді де жасампаз қауымның басын қосатын «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының 2026 жылғы кезекті еңбек маусымы салтанатты жағдайда шымылдығын түргелі тұр. Туған өлкенің табиғатын аялап, экологиялық мәдениетті ілгерілетуді мұрат тұтқан бұл бірегей жобаның облыстық деңгейдегі ресми ашылу рәсімі Түркістан қаласының көркіне көрік қосқан Экопарк аумағында, ағымдағы жылдың 13 шілдесінде жалауын желбіретеді.

Биылғы еңбек маусымында 16 мен 35 жас аралығындағы қыз-жігіттер атамекеннің көркейіп-көгалдануына, қоршаған ортаның тазалығын сақтауға өздерінің лайықты үлестерін қосуға мүмкіндік алмақ. Бұл бастама – жастардың жазғы демалыс уақытын бос өткізбей, ел игілігі үшін тиімді пайдалануына, сондай-ақ алдағы өмірге қажетті үлкен еңбек мектебінен өтіп, тәжірибе жинақтауына септігін тигізетін сындарлы сәт.

Жобаға атсалысып, жасақ сапына қосылатын әрбір қатысушыға мемлекет тарапынан келесідей қолдаулар мен кепілдіктер толықтай қарастырылған:

- Заң шеңберінде бекітілген ресми еңбек келісімшарты жасалады;
- Арнайы жасақталған ыңғайлы әрі сапалы жұмыс киімі үлестіріледі;
- Ай сайын белгіленген 85 000 теңге көлеміндегі еңбекақы есептеледі (қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес, міндетті салықтық және әлеуметтік аударымдар шегерілгеннен кейін, қолға таза 60 962 теңге төленеді);

Өзара ынтымақтастықты арттыратын құнды тәжірибе мен жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады.

Жасыл желекке оранған Экопарк төрінде ұйымдастырылатын бұл салтанатты жиында еңбекқор жастардың басын қосатын арнайы мерекелік бағдарлама әзірленген. Осы іс-шара барысында жаңа еңбек маусымына ресми түрде старт беріліп, өрендердің жігерін жанып, құлшынысын арттыратын думанды сәттер орын алады.

«Жасыл ел» – тек қана ағаш егіп, айналаны тазарту емес, бұл – жас ұрпақты еңбекқорлыққа, жауапкершілікке баулитын, бойына туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік пен перзенттік парызды сіңіретін нағыз тәлім-тәрбие мектебі.

ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ МҮЛТІКСІЗ САҚТАЛУЫ

Өркениетті қоғамның ең басты құндылығы – заң үстемдігі мен адам құқығының мүлтіксіз сақталуы. Осы орайда, елдігіміздің еңселі тірегі, әрбір отандасымыздың бостандығы мен теңдігін айшықтайтын бас құжаттың мән-маңызын насихаттау – уақыт талабы. Кентау қалалық «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйытқы болуымен, аймақ жастарының басын қосқан «Конституция – әр азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі» атты келелі кездесу өтті. Басқосу жас буынның бойындағы мемлекетшілдік рухты оятып, құқықтық сананы жаңғыртуға бағытталған соны қадам ретінде көрініс тапты.









Бұл басқосу жастардың жауапкершілік жүгін сезініп, ел болашағына бейжай қарамайтындығының айқын дәлелі болды.

ШЕТЕЛДЕ ОҚЫҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?

Алысқа ат арытып, шет мемлекеттерде білім алуды армандап жүрген отандастарымыз үшін зор сүйінші! Енді сол асқақ армандар мен биік мақсаттарды өз елімізде, тарихы терең Түркістан қаласында жүзеге асырудың сәті туды. Оңтүстік Кореяның маңдайалды, жетекші жоғары оқу орнының Қазақстандағы ресми филиалы — Woosong University Kazakhstan (WSU Korea) өз есігін айқара ашады. Салтанатты Түркістан шаһарынан қоныс тепкен бұл білім ордасы – ақпараттық технологиялар (IT), жасанды интеллект (AI), Data Science (деректер тану) және бағдарламалық қамтамасыз ету сынды заманауи, ертеңгі күннің ең өтімді әрі сұранысқа ие мамандықтары бойынша халықаралық стандарттарға сай білім береді.

Неліктен таңдауыңыз Woosong University Kazakhstan болуы тиіс? Бұл оқу орны құрғақ теорияға емес, нақты тәжірибе мен инновацияға негізделген білім беру үрдісін алға тартады. Оның басты артықшылықтары келесідей:

- Түркістандағы халықаралық деңгей: Көне шаһарда отырып-ақ әлемдік деңгейдегі білім нәрімен сусындау мүмкіндігі;
- Оңтүстік Кореяның білім беру жүйесі: Шығыс Азияның озық технологиялық және академиялық мектебінің оқыту әдістемесі;
- Тілдік кемелдік: Барлық пәндер мен дәрістер тек ағылшын тілінде жүргізіледі;
- Еңселі инфрақұрылым: Заманауи IT зертханалары, ең соңғы үлгідегі техникалармен жабдықталған практикалық орталықтар;
- Ұлағатты ұстаздар қауымы: Халықаралық деңгейдегі танымал профессорлар мен шетелдік ғалымдар құрамы;
- Академиялық ұтқырлық: Студенттердің шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасу бағдарламалары;
- Қос диплом бағдарламасы: Белгіленген талаптарға сәйкес, «2+2» немесе «3+1» жүйесі арқылы Оңтүстік Корея мен Қазақстанның қос дипломын қатар иелену мүмкіндігі;
- Жаһандық серіктестік: Әлем бойынша бекітілген 636-дан астам беделді серіктес университеттердің бірінде білім көкжиегін кеңейтудің бірегей мүмкіндігі.

Университет қабырғасында алған білім - сіздің жаһандық бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуыңыздың алтын тұғыры. Бұл жерде сіз:

- Халықаралық дәрежедегі сапалы білімді бойға сіңіресіз;
- IT және жаңа технологиялар саласында ең өтімді маман иесі атанасыз;
- Әлемдік алпауыт трансұлттық компаниялар мен корпорацияларда еңбек етіп, мансап құруға жолдама аласыз;
- Шетелдің озық өндірістік орталықтарында академиялық тәжірибе жинақтайсыз;
- Заманауи технологиялардың қырсырын жете меңгеріп, жаһандық еңбек нарығында бәсекеден озып шығатын білікті маманға айналасыз.

Болашағыңызды бүгіннен бастаңыз! Түркістандағы халықаралық университетте білім алып, жаһандық әлемге даңғыл жол ашыңыз!

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Woosong University Kazakhstan.

Қабылдау комиссиясы: +7 776 046 68 51, +7 776 046 68 54.

«JAS ASARLAS» ПЛОГГИНГ ЖАРЫСЫ ӨТТІ

Кентау қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен жастар мен қала тұрғындары арасында «Jas Asarlas» атты плоггинг сайысы жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаны таза ұстауға үндеу. Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясының мақсат-міндеттерімен үндесіп, қоғамда экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталды.

Қатысушылар арнайы белгіленген бағыт бойынша жүгіріп жүріп қоқыс жинап, өзара бақ сынасты. Плоггинг спортының ерекшелігі – дене шынықтыру мен экологиялық белсенділікті ұштастыра отырып, адамдарды қозғалысқа және қоғамдық игі істерге тартуда. Сайыс қорытындысы бойынша жастар қоршаған ортаны қорғауға өз үлестерін қосып, белсенділіктерін көрсетті.

Іс-шараның ашылу салтанатында Кентау қаласы әкімінің орынбасары Шәріпбеков Болысбек мырза қатысушыларға сәттілік тілеп, мұндай игі шаралардың жастар тәрбиесіндегі маңыздылығына тоқталды.

Іс-шара қорытындысы бойынша барлық қатысушы командаларға Кентау қаласының әкімі Тасов Жандос Қалмырзаұлының Алғыс хаты табысталып, белсенділіктері үшін бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Таза табиғат – жарқын болашақтың кепілі. Табиғатты аялау – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Осындай игі бастамаға белсенді қатысып, туған жердің тазалығына үлес қосқан барлық қатысушыларға алғысымызды білдіреміз!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ТЕТІКТЕРІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Түркістан қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің NEET бөлімінің мамандары Қайқыбаева Мереке мен Мәжитова Несібелі Отырар секторында жастармен кездесіп, мемлекеттік бағдарламаларды кеңінен насихаттауға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында жастарға жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік қолдау тетіктері таныстырылып, «Жастар практикасы», «Жасыл ел», «Серпін» және өзге де мемлекеттік бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктері, қабылдау талаптары мен қажетті құжаттар туралы жан-жақты ақпарат берілді.

Іс-шара аясында жастар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар ұсынылып, мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, жұмыспен қамтылу және кәсіби даму бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Аталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жастардың мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабардарлығын арттыруға, олардың белсенділігін күшейтуге және әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерді тиімді пайдалануына ықпал етуге бағытталған.

ЖАСТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ НАЗАРДА

Түркістан қаласында жастар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында кешкі уақытта профилактикалық рейд ұйымдастырылды.

Рейд жұмыстарына Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Мадияр Бақтыбайұлы, орта арнаулы оқу орындарының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтері және полиция қызметкерлері қатысты.

Іс-шара барысында жастар көп шоғырланатын қоғамдық орындар аралап, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінсіз түнгі уақытта жүруіне жол бермеу, қоғамдық тәртіпті сақтау және құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар жастарға қауіпсіздік ережелері мен қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау жөнінде түсіндірме беріліп, ақпараттық жадынамалар таратылды.

Рейд барысында Түркістан қаласы әкімінің орынбасары Мадияр Бақтыбайұлы жастардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау және құқықбұзушылықтың алдын алу ортақ міндет екенін атап өтті. Сондай-ақ жастарды заң талаптарын сақтауға, қоғамдық орындарда тәртіп мәдениетін қалыптастыруға және бос уақытын тиімді өткізуге шақырды.

Профилактикалық шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табатын болады.

ҰЛЫ ДАЛА ҚАЛҚАНЫ: ҚАҢЛЫ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХ ТЕГЕРШІГІН ҚАЛАЙ БҰРДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сол заманның шежіресінде Қаңлы еліне келген Қытай елшілері оның билеушісінің алдында ешқандай артықшылыққа ие бола алмағаны жазылған. Керісінше, ресми қабылдаулар мен асжиындарда Хан империясының елшілері Қаңлының ежелгі көршісі – Үйсін (Усунь) мемлекетінің елшілерінен кейін, төрде емес, төменгі орында отырған.

Ол заманда Хан империясының елшісін төмен отырғызу – бүкіл Хан династиясының айбынынан сескенбеу, зор әскери және саяси қуатқа ие болу дегенді білдіретін. Бұл көрініс – Қаңлының ешкімге жалтақтамайтынын, өз саясатын өзі айқындайтын, асқақ та егемен мемлекет болғанын айқын көрсетеді.

Кангюйдің мұндай асқақтығы мен еркіндігі бос жерден шыққан жоқ. Ежелгі шежірелердің мәліметінше, Қаңлы мемлекеті кез келген сәтте майдан даласына 120 мың атты әскер шығара алатын зор әскери әлеуетке ие еді. Бұл – Сырдария мен Ұлы Дала аумағындағы ең басты мығым күш болды.

Атақты шығыстанушы С.П.Толстов өзінің іргелі «Ежелгі Хорезм» атты еңбегінің «Қаңлы атты әскері» атты тарауында Римдік Грекияның әйгілі тарихшысы әрі географы Страбонның (б.з.б. I ғ. – б.з. I ғ.) мына бір құнды сипаттамасын келтіреді:

«Олар – садақпен, қылышпен, сауытпен және мыс балталармен қаруланған, ат үстінде де, жаяу да соғыса алатын мықты жауынгерлер. Шайқастарда алтын белбеу тағып, бастарында алтын таңғыштары болады».

Яғни, бұл сипаттың төркініне зер салсақ, онда, қазіргі таңдағы Менделеев таблицасын сол ықылым заманнан бастау алғанын білдіреді, яғни химиялық қоспалар арқылы жоғарғы аталған бұйымдарды шығарған. Бұл антикалық дерек – Қаңлы әскерінің тек санымен ғана емес, ауыр сауытты атты әскердің (катафрактарийлердің) озық тактикасымен және жоғары әскери мәдениетімен ерекшеленгенін көрсетеді.

Сонымен қоса, атақты шығыстанушы С.П.Толстов өзінің іргелі «Ежелгі Хорезм» атты еңбегінің «Қаңлы атты әскері» атты тарауында бұл феноменді ғылыми тұрғыдан тереңірек аша түседі. Ғалымның тұжырымдауынша, сол заманда Орталық Азия аумағындағы әскери техника саласындағы ең үлкен жетістік дәл осы Қаңлы мәдениетімен тікелей байланысты.

Қаңлылар соғыс өнеріне мүлде жаңа тактикалық тәсіл енгізді. Ол – үстіне ауыр панцирь (сауыт) киген сарбаздардың мұздай темірмен құрсанған аттарға мініп, тұтас, тығыз саппен (сомкнутый строй) шабуылдау әдісі еді.

Қуатты далалық садақпен, ұзын найзамен және ауыр сауытты жауды қаққа бөлетін ұзын семсермен қаруланған бұл темір – құрсанған атты әскер (катафрактарийлер) өз заманының жойқын әскери машинасына айналды.

Дәл осы қаһарлы күш Хан империясының Сыр бойы мен Орталық Азия ішіне сұғынуына жол бермей, аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Орталық Азияның көне заман мен ерте орта ғасырлар тоғысындағы әскери ісін зерттеуге академик Галина Анатольевна Пугаченкова баға жетпес үлес қосты. Өзінің «Мианкаль көне жәдігерлері» (Өзбекстан өнертану экспедициясының жұмыстарынан) атты іргелі ғылыми еңбегінде ол Орлат қорымынан табылған бірегей сүйек пластиналарға егжей-тегжейлі талдау жасап, оларды Қаңлы мәдени қабатымен байланыстырды.

Зерттеуші ламеллярлы (пластиналы) сауыт киген ауыр қаруланған салт аттылар мен олардың сәйгүліктерінің мұқият қашалған бейнелері Қаңлы мемлекетінің таңдаулы катафрактарийлерінің нақты бейнесі екенін дәлелдеді. Пугаченкова пластиналарда бейнеленген қорғаныс сауыттары мен шабуылдаушы қару-жарақ кешені Сырдария сыртындағы дала көшпелілерінің әскери өнерінің жоғары даму деңгейін көрсететінін және кейінгі Орталық Азия батальдық миниатюра дәстүрінің негізін қалағанын негіздеп береді.

Біздің заманымыздың II ғасырында шығыстағы Хан империясы мен сяньби тайпаларының қыспағынан солтүстік хуннулар ауыр жеңіліске ұшырап, батысқа қарай үдере көшті. Қансыраған, бас сауғалаған үлкен босқындар ағынының алдында тек бір ғана күш – айбынды Қаңлы мемлекеті тұрды.

Қытайдан қорықпаған, оған ешқашан тізе бүкпеген Қаңлы билеушілері бұл сәтте кемеңгерлік танытып, Қытайдың қас-жауы болған солтүстік хуннуларды өз жеріне емін-еркін қабылдады. Өз ата қонысының шығыс шекарасынан хуннуларға арнайы жер бөліп беріп, стратегиялық қонақжайлылық көрсетті. Бұл жай ғана қабылдау емес, сыртқы жауларға қарсы бағытталған қуатты әскери-саяси одақтың бастауы еді.

Қаңлы мемлекетінің ең басты тарихи рөлі – ол Ұлы Даланың аумақтық тұтастығын сақтады. Қаңлы өз шекарасын берік бекітіп, алып геосаяси қалқанға айналды. Осының арқасында шығыстағы басқыншы империялар қазіргі Қазақстан жеріне ішкерілей еніп, көшпенділер өркениетін түп-тамырымен жоя алмады.



2000 жылдық тарихы бар Қаңлы жазуы.

Қаңлы берген уақыт пен мүмкіндіктің арқасында ес жиған, демографиялық және әскери әлеуетін қайта тіктеген хуннулар осы топырақтың күшімен жаңа тарих жазды. Олардың бір бөлігі Қаңлы мәдениетімен сіңісіп, Жетісуда мекендеген, екінші бір тобы қаңлы тайпаларымен бірлесе отырып, батысқа жылжыды. Дәл осы біріккен ұлы күш кейіннен Еуропаны дүр сілкіндірген Атилланың ғұндарына айналып, дүниежүзілік тарихтағы «Халықтардың ұлы қоныс аударуын» бастап берді.

Әйгілі ғалым Л.Н.Гумилев өзінің ірі зерттеулерінде дәстүрлі формациялық тәсілден бас тартып, түркі мемлекеттілігі мен цивилизациясының қалыптасуында табиғи-климаттық фактордың рөлін алға тартты. Ұлы Даланың географиялық ерекшелігіне бейімделген көшпелі шаруашылық – өзін-өзі толық қамтамасыз ететін, Еуразия құрлығын тұтастырған өзіндік өндіріс моделі еді. Бүгінгі күн биігінен қарасақ, бұл жүйе өз заманының «Бір белдеу, бір жолы» іспетті транзиттік-экономикалық алып белдеу қызметін атқарды. Ал сол белдеуді уысында ұстаған қаңлылар дәл осы жасампаздықтың орталығында болды.

Гумилевтің этногенез теориясы тұрғысынан қарасақ, Қаңлы мемлекеті халықтың ішкі қуаты мен мақсатқа ұмтылушылығы тасыған «пассионарлық активтілік» фазасында тұрды.

Пассионарлық – бұл өзгертуге деген қабілет пен идеал жолындағы жанқиярлық. Тек осындай рухы асқақ қоғам ғана әлемдік геосаясатты суверенді түрде басқара алатын еді.

Өкінішке қарай, ұзақ уақыт бойы үстемдік құрған еуроцентристік көзқарас прототүркілік және түркілік өркениеттердің тарихи рөлін көлеңкелеп келді. XXI ғасырдағы отандық ғылымның алдында тұрған басты міндет – осы бұрмалаушылықтан арылып, прототүркілік цивилизацияның хронологиялық және географиялық шекарасын нақты айқындау. Ол үшін бізге бауырлас Түркия ғалымдарымен және халықаралық түркітанушы мамандармен бірлескен іргелі зерттеулер жүргізу қажет.

Ең бастысы – бүгінгі отандық тарих ғылымына Л.Н.Гумилевтің нағыз пассионарлық рух, ішкі жасампаздық ізденіс пен ұлттық тарихты ұлықтауға деген асқан құштарлығы бізге ауадай қажет.

Әйгілі ғалым 25 жасында тұтқындалып, 12 жыл лагерь азабын көрсе де сынбады, қайсарлығының арқасында ғылым шыңын бағындырды.

Егер сол заманда Қаңлы өзінің мемлекеттік еркі мен 120 мыңдық қуатын көрсетіп, бұл қадамға бармағанда, бүгінгі Еуразияның картасы мүлде басқаша болар еді. Академик Ә.Марғұлан дәлелдеп кеткен Қаңлы қонысы – біздің бүгінгі мемлекеттілігіміздің, тұрақтылығымыздың және дипломатиялық ұлы дәстүріміздің ең алғашқы іргетасы.

Қаңлы тарихы – өз жеріңді қорғаудың ғана емес, сол жерде ешкімге бой ұсынбай, жаһандық тарихи процесстерді егемен түрде басқара білудің де ұлы үлгісі.

Қаңлы тек қаһарлы әскерімен ғана емес, жоғары мәдениетімен де тарих сахнасында дараланды. Түркістан облысындағы көне Күлтөбе қала жұртынан табылған, күйдірілген қыш тақташаларға қашалған көне қаңлы жазулары – бұған бұлтартпас дәлел.

Ежелгі Қаңлы мемлекетінің осыдан 2000 жыл бұрын жазуы болғандығын Қазақстан тарихшылары ғана емес, көптеген шетелдердің беделді ғалымдары да айтып та, жазып та келді. Біраз жыл бұрын Шымкент қаласында тұратын тарих ғылымдарының докторы, профессор, археолог Александр Николаевич Подушкин Арыс ойпатынан ежелгі Қаңлы мемлекетінің қышқа жазылған жазуын тауып, үлкен тарихи жаңалық ашқан болатын-ды. Осыдан бес жыл бұрын белгілі ғалым Парижге барып, француз ғалымдары алдында баяндама жасап, үлкен беделге ие болды.



Біздің дәуірімізге дейін пайдаланған Қаңлы мемлекетінің теңгесі.

Зерттеп, зерделеу үшін осы құнды жәдігер Лондон университетінің профессоры, көрнекті палеолингвисть Никоас Симас Уильямске берілді. Арада екі жыл өтіп, қуанышты хабар келді. Арыс ойпатынан табылған жазу екі мың жыл бұрын қышқа жазылған Қаңлы мемлекетінің жазуы болып шықты. Бұл әлем тарихындағы елеулі жаңалық десек, қателеспеген болар едік.

Жақында Алматы қаласында профессор А.Н.Подушкин «Қаңлы мемлекеті» атты лекция оқып, оған белгілі ғалымдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, зиялы қауым қатысты. Осы басқосуда адамзаттың өркендеуіне үлкен үлес қосқан Қаңлы мемлекеті туралы жан-жақты, тұжырымды, дәйекті әңгіме қозғалды.

Ежелгі Қаңлы мемлекетін түбегейлі зерттеп, осы изгілікті іске бүкіл саналы ғұмырын арнаған профессор Александр Николаевич Подушкин «Қаңлы мемлекеті» атты ғылыми кітабында: «Қаңлы мемлекетінде мемлекеттік кеңсе, дипломатиялық хат алмасу және дамыған заң жүйесі болғанын айғақтайды. Күлтөбе архиві – Ұлы Дала өркениетінің хатқа түскен, интеллектуалды деңгейін көрсететін басты археологиялық сенсация» деп жазып, ғасырлар бойы құпиясын бүгіп жатқан ақиқат пен шындықты ашып көрсетеді.

Қаңлылар VI ғасырда әлемде бірінші болып, төрт дөңгелекті арба жасап, өз тұрмыстарына кеңінен пайдалана бастады. Сол кездегі өркениеттегі өнертапқыштық дүниежүзінің төрт бұрышына тарап, бүкіл адамзат игілігіне айналды. Бұл жаңалық бүгінде жан-жақты дамыған көлік құралдарының алғашқы қарлығашы болатын.

Дүниежүзіндегі бірінші мектеп біздің дәуірімізге дейін V ғасырда тарихшы Тит Ливийдің ұйымдастыруымен ежелгі Римде дүниеге келгендігін жақсы біледі. Ал, Қазақстанның оңтүстігіндегі Отырар жерінде Қаңлы мемлекетінің жазу графикасы біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда пайда болғанына әлі де күмәндана қараймыз.

Күмәнданатын ештеңесі жоқ. Бұл нақты деректі Ресейдің белгілі ғалым-тарихшысы Л.А.Коханова және басқа шетелдік беделді ғалымдар растап отыр. Қытай тілінде шыққан «Қазақ мәдениеті тарихы» кітабын оқысаңыз, көптеген тарихи шындыққа көзіңіз жетеді. 643-712 жылдары өмір сүрген қаңлы Шайхы ном кітабын қытай тіліне аударып, хан елінің ұлы ұстазы атанады. Қаңлы шайхылары мен монахтарының Қытайға будда дінінің әкелінуіне зор үлес қосқандығын осы елдің белгілі ғалымы Су Беи Хай және басқа тарихшылары жанжақты жазды. Дін тақырыбы қозғалған соң айта кететін тағы бір ақиқат пен шындық бар. Қаңлылар 777 жылы түркі тілдес тайпалардың арасында бірінші болып, ислам дінін қабылдаған ел. Олардың ислам дінін уағыздауды таратуда, мойындатуда сіңірген еңбегі, негізгі ислам дінін таратушы қожалардан кем емес.

Әлемдегі ұлы ғұламалардың бірі әлемдік геосаясатты суверенді түрде басқара алатын еді. Фарабидің туған жері – Отырардағы кітапхана – әлемдегі ең үлкен екінші кітапхана болғандығын бүкіл дүниежүзі жақсы біледі. Негізінен қаңлылар тұрған бұл қалада сәулетті мешіттер, медреселер, күмбездер болды, жер асты су құбырлары жұмыс істеді. Алтын, күміс, мыс қорытылып, ақша шығарылып, сауда жұмысы жақсарды. Сол кездің өзінде ауылшаруашылық саласы мен өнеркәсіп кеңінен дамыды. Қаңлылар дүниежүзінде алғашқылардың бірі болып шарап жасаудың үздік технологиясын ойлап тапты. Осы игі істермен қатар, ғылым, өнер, мәдениет, әдебиет, сәулет өнері медицина салалары өркен жайып, Отырардың атағы дүниенің төрт бұрышына белгілі болды. VI ғасырда Отырар қаласының маңындағы Қарабие қорғанынан табылған бір адамның бас сүйегіне операция жасалғаны туралы деректер бар. VII ғасырға жататын бір қорымнан табылған қаңқаның бір аяғы тізеден төмен кесілгендігін, бірталай жыл ағаш аяқ пайдаланғандығын ғалымдар дәлелдеп берді.

Айта берсек, ежелгі Қаңлы мемлекеті мен оның өркениеті туралы көп айтуға болады. Қаңлы тарихына бір тайпаның тарихы деп қарасақ – үлкен ағаттық болар еді.

Академик Әлкен Марғұлан «Қазақстан аумағы – ежелгі Қаңлы мемлекетінің байырғы ата қонысы, өз жері» деген ұлама сөздерін есте санаған жөн. Яғни, Қаңлының тарихы – бүгінде өркендеп-дамып, Тәуелсіз мемлекет болып отырған Қазақ ұлтының, Қазақстанның тарихы. Қаңлылар бір қазақ ұлты ғана емес, бүкіл түбі бір, тегі бір түркітілдес халықтардың ұйытқысы бола білді. Ежелгі тайпа, яғни Қаңлылар Өзбекстан, Қырғызстан, Башқұртстан, Саха, Қарақалпақ, Түркі мемлекеттерінде мекен етіп, аталған түркітілдес туысқан елдердің іргетасын нығайтып, өркендетуге өз үлестерін қосуда.

Әрине, көпке топырақ шашуға болмайды. Ежелгі Қаңлы мемлекетінің тарихын зерттеуде көршілес жатқан Ресейдің, Қытайдың көкірек көзі ашық, ақиқат пен шындықты өмірлерінің мақсаты санаған зиялы ғалымдары елеулі жұмыстар атқарды. Адамзаттың өркендеуіне үлкен үлес қосқан Қаңлы мемлекетінің тарихын жан-жақты зерттеуге Батыс ғалымдары да ерекше құлшыныс танытып отыр.

Ресейдің патшайымы Екатерина: «Қазақтар өздерінің шынайы тарихын білсе, бүкіл әлемді билеп алады» деп бекер айтпаса керек. Ресей, Қытай, Парсы мемлекеттерінің тиісті орындары әлі де көп шындықты бұрмалап, жасырып отыр.

Әлкен Марғұлан, Талас Омарбеков, Карл Байпақов, Александр Подушкин сияқты ежелгі қазақ тарихын зерттейтін ғалымдар бізде жоқтың қасы. Ғалымдар жоқ емес, бар, бірақ ежелгі Қаңлы мемлекетінің тарихына тістері бата бермейді. Кейбіреулері білсе де ақиқатты айтпайды, қолдан қошқар жасағысы келеді, тарихтың ақиқатынан гөрі ұлттың емес, бір атаның мүддесін ойлаудан аса алмайды. Қазақтың ежелгі ауруы – жүзге бөлінуге, рушылдыққа басады.

Оған бір ғана нақты мысал келтірейік. Тараз қаласының маңында Тектұрмас кесенесі бар. Адам көп келетін қасиетті орынға Тараз қаласының ірге тасын Үйсін мемлекеті қалады деп жазыпты. Бұл өңірде біздің заманымызға дейінгі дәуірде Қаңлы мемлекеті өмір сүрген. Яғни, ежелгі Тараздың ірге тасын қалап, билік құрған Қаңлы мемлекеті. Бұл жөнінде Қытай жылнамасында дәйекті деректер бар.

Қазақстанның көрнекті археологы, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы Карл Байпақов өз еңбектерінде Тараз қаласын ең алғаш Қаңлы мемлекетінің отырықшы халқы салғанын нақты дәлелдеп, «Талас аңғарында бекініс қабырғаларын тұрғызып, қалалық қоныстың негізін қалау – дәл осы Қаңлылардың еңбегі» деп жазды. Қолдағы бар тарихи деректерге сүйенсек, Қаңлы мемлекеті Қытайдың Хань империясының әскери шабуылдарына төтеп беріп, өз Тәуелсіздігі мен қалаларын толықтай сақтап қалды. Біздің заманымызға дейінгі 36 жылы Қаңлы мемлекетінің Орталық Азиядағы ықпалы одан сайын күшейе түсті. Ұлы далаға қақпан болған қаһарман қала – Тараз болған еді. Бір өкініштісі, бұл жайында қазақ тарихында айтылмайды. Ежелгі шаһар – Тараздың 2000 жылдық тойында да тарихи ақиқат ауызға алынбады. Бұл – қазақтың, оның ішінде Қаңлы мемлекетінің шынайы тарихына жасалып отырған қиянат емес пе?!

Ұлтымыздың көрнекті ғалымдары Әлкен Марғұлан, Карл Байпақов, Талас Омарбеков бұл тарихи шындық туралы өз еңбектерінде жазып кетті. Өкінішке орай, жергілікті шенеуніктер, ғалымдар көз жұма қарағаң, ашығын айтқанда, ұялмай-қызармай рушылдыққа жол беруде. Бұл жөнінде осыдан біраз жыл бұрын республикалық «Жас алаш» газетінде жазылып, дабыл қағылды. Өкінішке орай, Тараздағы тиісті орындар түк білмейтіндей, түк көрмегендей кейіп танытып, Қаңлы тарихына қиянат жасап отыр. Мұндай өрескел олқылықтарды көптеп келтіруге болады. Оның бәрін тізіп жатуды біз мақсат санамадық.

Сіздер оқып отырған мақаланың басына Шыңғыс ханның сөзін ойып тұрып беруіміздің өзіндік сыры бар. Шыңғыс бастаған моңғолдар Наймандармен 20 жыл бойы шайқасып, әрең жеңгенін біз тарихтан жақсы білеміз.

Егер тарихи деректерге сүйенетін болсақ, моңғол әскері жетісулық Қаңлылардың үлкен қарсылығына тап болды. Олар күші әлдеқайда басым жаудан жеңілуге мәжбүр болды. Жан беріп, жан алысқан соғыс ежелгі Тараз қаласының маңындағы Талас өзенінің жағасында өтті. Сан жағынан әлдеқайда басым Шыңғыс ханның әскері мұндай қарсылықты күткен жоқ еді.

Бұл тарихи соғыс жөнінде тарих ғылымдарының докторы, профессор марқұм Талас Омарбек: «Қаңлы әскері қалың жаумен жанқиярлықпен соғысты. Майдан даласында жүз мыңнан астам Қаңлы жауынгерлері шейіт болып, судай аққан адам қанынан Талас өзені арнасынан асып кетті. Моңғол жағы да санмыңдаған сарбазынан айырылды», – деп жазды.

Негізінен Қаңлылар тұратын Отырардың қатыгез жау шабуылына жарты жыл төтеп беріп, ерлік көрсеткенін тарихтан жақсы білесіздер. Хорезм – Қаңлы мемлекетінің әскері де моңғолдармен аяусыз шайқасты.

Найман мен Қаңлы әскерінің жанкешті қарсылық көрсеткендігін Шыңғыс хан жақсы білді. Сондықтан да ол бар күш-қуатын Наймандар мен Қаңлыларды жоюға жұмсады.

Сөз соңында айтарымыз: Қаңлы тарихы – Қазақтың тарихы. Олай болса, оған мемлекеттік тұрғыда қарау – бүгінгі күннің, өркениетті заманның басты мақсаты. Онсыз ізгілікті іс ешқашан да алға баспайды. Қолдағы бар алтынды жоғалтып алып, кейін өкініп, санымызды соғып жүрмейік, ағайын! Өзінің тарихын білмеген халықтың келешегі жоқ, мұнымызды кейінгі ұрпақ кешірмейді.

Құрманбек САҒЫНБЕКОВ,
заң ғылымдарының кандидаты,
доцент.

Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
жазушы-режиссер,
Халықаралық «Түркі әлемі»
телестудиясының директоры.

adilet-gazeti.kz

ТАҢДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

(Портрет-эссе)

(Соңы. Басы 1-бетте).



Ол мұнда жай келмепті. Есіл-дерті – КазГУ-ге ауысу екен. Онда да жалаулатқан журфакқа емес, бағдарламасы байсалды, ғылымы ғибратты филфаққа барғысы келеді. Е, ана бетоны құрғырдың бет-әлпеті ұнамай, сабағын игере алмай жүрген қуаяқ болды ғой деп ойлап үлгергеніміз рас. Мүлде олай емес екен. Сабақты өте жақсы оқиды. Қиыннан қиыстырған күрделі сабақтардың емтихандарын түгел «беске» тапсырыпты. Өзі сол оқу орнына танылып қалған әжептеуір белсенді көрінеді. Ендеше, жылы орнын суытып, не жын қуып жүр десейші?! Журфак пен филфаққа техникалық мамандыққа аса қыры жоқ, тілі мен жағына сүйенгендер ғана келуші еді. Ал техниканы тіліп, жұрт білмегенді біліп тұрған мына әулиеге не жорық?

Кейіпкеріміз о баста химия-технология институтына ата-анасының қалауымен түсіпті. Мұның филолог болам деген ұйғарымын ол кісілер онша құп көре қоймайды. Сол жылы институт құрылыс бұйымдары мен конструкциялар өндірісі мамандығын таңдаған талапкерлерді эксперименттi түрде қабылдайды. Мектепті алтын медальмен бітіргендер тек қана әңгімелесуден өтіп, емтихансыз алынады. Сабақ бірыңғай орыс тілінде жүреді. О бастан орысшаға жүйрік бұл мүлде қиналған жоқ. Орысшаға бейім болатын реті бар еді. Қазалыдағы білімі іргелі, көші ілгері теміржолдың мектебінде оқыды. Оның іргесіне орыс мектебі тип тұр. Сонда оқитын балалармен араласып-құраласып тұрды. Оның үстіне жасынан кітап кемірді.

Сөйтіп, оқуға түскен кілең медалист сабаққа құлшына кірісті. Медальсіз түскендердің өздері де бұлардан қалыса қоймады. Орыс тілі сабағында топ екіге бөлінді. Орыс мектебін бітіргендер басқа тілді оқитын болды. Ал қазақ мектебін бітіргендердің шамасын байқау үшін оқытушы бұларды сөйлетіп көрді. Содан бұл армансыз сайрады. Сұрақтың бәріне мінсіз жауап берді. Оны айтасың, орайын келтіріп, Блоктың, Евтушенконың, Вознесенскийдің өлеңдерін жатқа оқыды. Оқытушының көзі шарасынан шықты. «Сабақтан боссың, тек сынақ тапсыруға келе ғой», – деді.

«Құрылыс материалдары» пәнінен сабақ беретін Комарова деген апайы сол замандағы «физик лирик болуы керек» деген қағиданы берік ұстанатын еді. Сабақтың соңынан руханият туралы пікір алмасу үшін он минут уақыт қалдырады. Дәрістің әдепкі бөлігінде құрылыс материалының суыққа төзімділігі, басқа да сыртқы факторларға шыдамдылығы жөнінде мәлімет алып, қолындағы кірпіштен жиіркеніп отырған бұл соңғы он минутта оттай жанады. Сөйлейді, өлең оқиды, пікір таластырады. Қабілет-қарымын көрген «КПСС тарихы», «Сызба геометрия» пәндерінің оқытушылары да бұған өзгеше қарайтын болды. Сабағын үздік игеретін әрі әдебиетке бейім студентті кім жатсынатын еді?!

Бұл үнемі көштің алдында жүрді. Аратұра жазу-сызуға бейім екені есіне түсіп, институттың «За инженерные кадры» атты көптиражды газетіне мақала жазып қояды. «Біздің оқу тобымыз сынаққа социалистік жарысқа барғандай барады» деген сыңайдағы жігерлі мақала. Жазу оған таңсық емес. Мектепте оқып жүргенде, аудандық «Ленин туы» және республикалық «Қазақстан пионері» газетіне талай мақаласы шыққан. «Балдырғанға» жаңылтпаш жолдап қоятын. Тіпті ет қызуымен «Мәдениет және тұрмыс» журналына кроссворд жіберіп, жазушы Марат Мәжитовтен «Іздене түс!» деген хат алған. Бірде сол Әміржанның газетте жарияланған галстук тақпайтын берекесіздерді сынап-мінеген мақаласына үн қосты. Ондайларға өзінің де көзқарасын сездіріп, «Түсіне алмадым» деген пікір жазды. Соны неге жазғанын әлі күнге дейін түсіне алмай жүр. Бірақ сонда да журналист болғысы жоқ. Кілең кірпіштің арасынан шыға қашып, филологияға кеткенді жаны қалайды.

Бүгінгі белгілі әдебиеттанушы ғалым, танымал журналист, филология ғылымдарының докторы, профессор Амантай Шәріптің студент кездегі әлеуметтік портреті осындай еді...

Бағланованың батасы
«Техта» оқыған текті ғой,
Мұратына жетті ғой.
Құрылысты журфаққа,
Айырбастап кетті ғой...
(Журналистік фольклордан)

Ол, сөйтіп, журфактың тыныс-тіршілігін байқап көрді де, өзінің күн сәулелі, көк майсалы Шымкентіне қайтып кетті. Бірақ онда көп тұрақтаған жоқ. Өз еркімен оқуынан шығып, ала жаздай терлеп-тепшіп емтихан тапсырып, КазГУ-ге түсті.

Шырайлы Шымкент оны оңайлықпен жібере қоймапты. Қалай жіберсін?! Кілең күрделі пәннен бірде-бір «төрттік» алмаған үздік студент. Кеше ғана институттың қырық жылдығына арналған салтанатты кеште «Құрыш қалай шынықтыны» жұртқа үлгі етіп, жалынды өлең оқыған жас шайыр. Оқу ордасының үкілеген үміті. Болашақ талантты технолог. Сондай сайыпқыран студент әйгілі «техты» тәрк етіп, өзге оқу орнына кетіп барады. Құрылыс-технология факультетінің деканы Николай Сузев те, проректор Василий Кирилин де «сені оқудан шығаруға ешқандай негіз жоқ» деп біразға дейін жібермеді. Әсіресе, әуесқой сазгер Кирилин мұны райынан қайтаруға тырысты. «Мен де осы оқу орнының қабырғасында ән жазып жүрмін ғой, сен де сөйтсеңші». «Жоқ, мен тәуір нәрсе жазғым келеді!».

Бұл алған бетінен қайтпады. Сол жылы Фариза Оңғарсынова басқаратын «Пионер» журналының тұтас бір бетін алып өлеңдері шыққан. Соны көрсетеді оларға. «Алатаудың бөктерінде, Көктөбенің етегінде отырып, өлең жазбасам болмайды», – деп тепсінеді.

Алматыға барып келіп, оқуды тастаймын дегенін ата-анасы жақтыра қоймады. Оларға айтар уәжі дайын. «Болды, айтқан оқуларыңа түстім. Сабақты өте жақсы оқыдым. Енді өз оқуыма барам!». Әке-шеше, жақын-жуық жұрттан ұят болатынын, бастаған істі аяқтау керек екенін айтып, барынша үгіттеп бақты. Бірақ ол ерін бауырына алып тулай берді. Сөйтіп жүргенде мұның жан дүниесін түсінетін бір адам табылды-ау, әйтеуір! Және қандай адам десеңізші!

Сол жылы Қазалыға әйгілі әнші Роза Бағланова келіп, жерлестерінің алдында өнер көрсетті. Осы өңірдің тумасы, әрі бұларғаептеген туыстығы бар Роза апай бөгелместен Шәріповтердің шаңырағына тартты. Каникул кезінде үй-ішімен мәмілеге келе алмай, әбден қыстығып жүрген студент мәртебелі мейманның қасынан шықпады. Алты алашқа танымал апасымен армансыз әңгімелесті. Өлеңдерін оқыды. Сырын ақтарды. Айтпайын десе, ішіне сыймайды. Жазғаны жарық көрген газет-журналдарды көрсетті... Аққөңіл апасы қасы қалың қара баланы ертелі-кеш тыңдаудан жалықпады. Ақыры ол кісіге өзі қаламаған оқуды тастап, басқа оқуға кетпек ниетін аңғартты.

Сол сәтте атақты әнші бұған мейірлене қарап отырды да, «Қайтесің, оқығың келмесе, тастай сал!» – деді ғой... Бұл оған үлкен рух берді. Өзі қашайын деп тұрған қоянға баршаға белгілі Бағланованың өзі жем берген соң, не тұрыс?! Баланың айтқанынан қайтпайтынын білген әкесі де ақыры бітімге келді. «Барсаң бар, бірақ филфаққа емес, журфаққа тарт. Жазам деген адамға сол дұрыс болар».

Есеп-қисапты шемішкідей шағатын Амантайға журфак дегенің бұйым боп па, сабақты ойнап жүріп оқыды. Өлеңдері мен мақалалары жиі жариялана бастады. Жазған дүниелері түрлі жинақтарға енді. Сөз өнеріне сыпайылықпен келді. Әдебиеттің табалдырығын әдеппен аттады. Танымы мол, түйсігі терең, талғамы жоғары екенін бірден байқатты.

«Жас алашта» қызмет істеп жүргенімізде, редакциямызға КазГУ-дің студенттері тәжірибеден өтуге жиі келетін. Күні кеше ғана солардың ортасынан шыққан соң ба, әйтеуір бізді көбірек жағалайтын. Шетінен қасқыр еді менің практиканттарым! Срайыл Смайыл, Әміржан Қосанов, Махат Садық, Амантай Шәріп, Қадыржан Забих, Нұрлан Нұрғазин... Аспандап ұшқан алты қаз сияқты алтауы да биік белестерді бетке алды. Соның ішінде, әрине, Амантайдың жөні бөлек.

Оқу бітірген жылы профессор Тауман Амандосов оны өз кафедрасына қызметке алып қалды. Журфакты қызыл дипломмен тәмамдаған, екі тілде сабақ беретін жап-жас оқытушы бірден елдің назарын аударды. Түбіт мұрт бозбала кезінен ұстаз атанды. КазГУ-дің тарихындағы рекордтардың бірі де Амантайға бұйырды. Ол 29 жасында университеттің кафедра меңгерушілігіне тағайындалды. Жастай әкім болу, министр болу таңсық емес. Ал басшылар білім мен ғылымның қара шаңырағы – кафедраны бесіктен белі шықпаған балаға сеніп тапсыра бермейді. Сол кездегі ректор, зиялылардың зиялысы Көпжасар Нәрібаев журфактағы ұлағатты ұстаздардың ұсынысын қолдап, жас жігітке зор сенім артты. Әуелі журналистика тарихы, кейіннен халықаралық журналистика кафедрасының тізгінін ұстатты. Осы тұста оның қарамағында қызмет істедім. Ол менің өмірімдегі аса жайлы, ақкөңіл бастықтардың бірі болды.

Осыдан жиырма алты жыл бұрын Америка Құрама Штаттарындағы Оклахома мемлекеттік университетіне тәжірибеден өтуге бірге бардық. Сол жолы үндістердің «Пау-вау» деген мерекесіне қатыстық. Сонда көңілденіп алған үндістердің бірі мұны өз қандасы екен деп ойлап қалып, түсініксіз тілде біраз әңгіме айтты. Соған қарамастан екеуі кәдімгідей ұрысты. Әйтеуір, анау риза болып кетті. Амантай жазғы семинар кезіндегі пікірталасқа да қызу араласты. Американдықтар жас жігіттің біліктілігіне тәнті болды. Ағылшын тілін сол кездің өзінде тәуір білетін. Қазір аузы-аузына жұқпайды.

Шынында ол кез-келген мәселенің мәнісін тез ұғады, айтар ойын жылдам жұптайды. Оның ғылыми логикасына тек қана қызығу керек. Өмірде де, ғылымда да қиыннан қиыстырып, батыл болжам жасайды. Осы уақытқа дейін онысының қалт кеткенін көргенім жоқ. Тіпті, көпіріп сөйлеп отырып, айдалаға лаққан пікірінің өзі ғылыми болып шығады.

Сөйтіп, бір кезде Бағланованың батасын алған бала бүгінде ғибратты ғалымға, ұлағатты ұстазға, жүйрік журналиске айналды.

Үй, көлік және шаңсорғыш...
БАҚ-қа туы тігілген,
Ғылымда орны білінген.
Абай атам сияқты,
«Екі жаққа үңілген...»
(Журналистік фольклордан)

Журфактың бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет істеген оқытушыларының студенттер алдындағы беделі биік болады. Оқытушылар өндірістен журфакқа, журфактан өндіріске үздіксіз ауысып жатады. Амантай да бір күні дипломында жазылған мамандығының ауылына қарай ат басын бұрды. «Қазақстан» телерадиокорпорациясының Қызылорда облыстық филиалын басқарды. Аймақтық тележурналистикаға біраз жаңалық әкелді. Талантты әрі тегеурінді жастарға өріс ашты. Одан соң корпорация басқармасы төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Қазақ телеөнімдерінің ұлттық бояуын қалыңдатып, рухын арттырған Ғалым Доскен, Тұрсынжан Шапай сынды талғамы биік, толғамы терең ағаларымен бірлесе жұмыс істеп, шығармашылық шеберлігін шыңдады. Кейінірек «Астана ақшамы» газетіне басшылыққа келді. Басылымның әлеуетін арттырды, журналистерді жинақылыққа баулыды. Бас редактор едім деп шіреніп отырмай, газетті бастан-аяқ өзі оқыды. Қате көрсе, ит қосып қуалайды. Бір әріп қисайып тұрса, бір тыныс белгі қойылмай кетсе, ішкені ас болмайды. Біз айтамыз: «Қайтесің, сол қатесі құрғырды қуалап? Қате деген газеттің көркі емес пе?!». Жоқ, ол көнбейді. Өзі басқаратын басылымның әр саны сауатты болып шыққанын қалайды. Бұл тұрғыдан алғанда, біздің Амантайдың категориясы – нағыз «категория»!

Айтпақшы, оның БАҚ-тағы бағы мұнымен де шектелмейді. Аз ғана уақыт еліміздің Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық ақпарат комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет істегені бар. Бұл да – баспасөзден алыстығы жоқ лауазым.

Осы уақытқа дейін негізінен баспасөз бен ғылымның айналасында тер төгіп келеді. Қай нәрсені де талдап-талғап жүретін дағдысымен «екі жаққа үңіліп», екеуінен де көп нәрсе тапты. Өмір жолында теория мен тәжірибені үнемі ұштастырады. Журфакта журналистиканың теориясын игеріп, кейін БАҚ-қа бет түзеді. Өзі қызмет істеген оқу орындарында ғылымның теориясына көбірек көңіл бөлсе, ғылым ордаларында іргелі зерттеумен айналысты. КазГУ-дің аға оқытушысы, кафедра меңгерушісі, Қызылорда мемлекеттік университетінің проректоры, Еуразия ұлттық университетінің проректоры, кафедра меңгерушісі, институт директорының орынбасары, факультет деканы ретінде білім саласының қыр-сырына әбден қанықты. Оқу жүйесі мен әдістеме мәселесіне терең бойлады. Ал КазГУ-дің докторанты, «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, Халықаралық Түркі академиясының ғалым-хатшысы ретінде ғылым әлеміне алаңсыз кірді. Зерттеуші ретінде оны әдебиеттің тарихы мен теориясы, түркология, этнолингвистика, журналистиканың тарихы мен теориясы көбірек қызықтырады. Ғылыми еңбектерінің дені осы тақырыптарға арналған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында баяғы одақтың беделді архивтерінің біразын армансыз сүзіп шыққан. Сол қазынасы әлі де ортая қойған жоқ.

Жалпы, ол ауқатты отбасынан шықты. Әкесі совхоз директоры, аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, аупарткомның бірінші хатшысы, аудан әкімі, кезінде еліміздің астанасы атанған қаланың әкімі болды. Ал енді соның біразын біз көпке дейін білген жоқпыз. Өйткені ол өзі сияқты ішіп-жемі мол, бай-бағыланның балаларымен емес, біз секілді өңкей ашқұрсақ, кедей-кепшіктің перзенттерімен бірге жүрді. Әдепкіде баяғы Харун ар-Рашид құсап қарапайым ел-жұрттың өмірін әбден зерттеп алып, дөкейлердің дүрдей ұлдарының ортасына қайта кететін шығар деп ойлағанбыз. Жоқ, ол кетпеді. Кетпек түгілі, әлі күнге дейін бірге келе жатыр.

Жарылқасын ағам оны ешқашан еркелеткен жоқ. Бұл да әкімнің ұлымын деп данайсыған емес, көрпе-төсегін арқалап, пәтерден-пәтерге көшіп-қонып жүрді. Бір күні оған Жарылқасын аға үй алып берді. Қайдан дейсіз ғой? Ит өлген жерден. Алматыға жиырма-отыз шақырым жердегі КИЗ деген ауыл. Кәдімгі пешке от жағатын, дұрыстап жанбаса, шатырға шығып, мұржасын тазалайтын шағын ғана жер үй. Содан таңертеңгі сағат 8-де басталатын университеттегі сабағына жаяу-жалпылап, әзер жетеді. Өзге әкімнің төрт-бес перзенті шетінен ауызынан ақ, май, көк май ағып, қаладағы жылы пәтерінде жымың-жымың етіп жүргенде, жалғыз ұл қала сыртында қар күреп, пеш жөндеп жатады. Сосын біз қалжыңдап, мынадай өлең шығардық: «Айтуға мен жүр едім ғой ұялып, Біліп едім ақырында өстерін, Жалғыз ұлға жер түбінен үй алып, Жарылқасын Шәріпұлы, не істедің?».

Өзіміз айтып, өзіміз күлеміз. Бір күні ағамыз Амантайға қаладан үш бөлмелі пәтер алып берді. Тура біздің әлгі өлеңімізді оқып қойған сияқты. Сөйтіп жүргенде, Амантайға ескілеу бір машина бітті. Тек аты ғана машина. Сиқы қаша бастаған сары «Жигули». Жүруінен тұруы көп. Есігін жұлқып ашып, жұлқып жабасың. Түнімен такси болып қатынап, жолаушы тасыған кезде, сол есіктің азабын әбден тартасың. Тоқтатқан адам кіре алмайды, кірген адам шыға алмайды. «Қой, болмас» деп, Жарылқасын ағама арнап, тағы бір өлең шығардық: «Балаңыздың мұрты қандай қияқты, Жаңа көлік әпермесең ұятты. Кафедра басқарғанын қайтейін, Машинасы көтерем ат сияқты».

О құданың құдіреті, бұл өлең де ағамның құлағына жеткен бе дерсің. Қалаға бір келгенде, Амантайға су жаңа көлік сатып алып беріп кетті. Сөйтсек, ол баласын жайлы тұрмысқа біртіндеп бейімдеген екен ғой. Бұлар жолы құтты өлең жазғанға әбден бой үйретіп алыпты. Бір күні Мира келін келіп, қиылып тұр: «Шаңсорғышым ескіріп, мазамды алып жүргені. Бір өлең жазып берші...». Шаңсорғышқа өлең шығара қоймадық. Анадай әсем үй мен әдемі машинадан кейін күн сайын қоқыс жұтатын шаңсорғыштың деңгейіне түскіміз келмеді...

Кетігін тапқан кірпіш
Қолына ұстап қаламды,
Өз өрнегін сала алды.
Көркем сөздің аулына,
Кірпіш болып қаланды.
(Журналистік фольклордан)

Бір басында бірнеше өнер тоғысқан. Соның ішінде ғылымы алғашқы орында тұрады. Профессор Темірбек Қожакеевтің жетекшілігімен Сұлтанбек Қожановтың әдеби-публицистикалық мұрасын зерттеп, кандидаттық диссертация қорғады. Докторлық еңбегі қазақ поэзиясындағы ұлттық идеяға арналды. Ғылымдағы жетістіктері үшін «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығын, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықты иеленді. Амантайдың ғылымның өз өкілі екеніне ешкім күмән келтіре алмайды. Бұған оның «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея», «Сұлтанбек Қожанұлы – әдебиетші», «Қайраткердің қаламгерлігі», «Сөз өнері және ұлттық рух», «Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік», «Рух пен рәміз: ментальдік модельдері» атты монографиялық еңбектерін оқыған адамның көзі әбден жетеді.

Тіл игеруге өте бейім. Ағылшын және түрік тілдерінде еркін сөйлейді. Басқа тілдерді де меңгеру тетігін жақсы біледі. Әзербайжанның әйгілі ақындары Хусейін Жәбид пен Бақтияр Вахабзаденің өлеңдерін қазақшаға түпнұсқадан аударды.

Мектепті алтын медальмен, университетті қызыл дипломмен бітірген біздің кейіпкеріміз өмірінде бір-ақ рет «4» алды. Миыңды су қылатын жоғары математиканы, күрделі техникалық пәндерді сөктей «5-пен» оқып еді. Сөйте тұра, өзі жақсы көретін әдебиет теориясынан «үздік» баға бұйырмады. Бірақ сол «төрттіктің» өзі кейін төрге шығарды.

Үнемі үздік оқыған Амантайды «төрттағандатқан» басқа емес, өзінің жақсы көретін Жанғара ағасы еді. Кәдімгі әйгілі әдебиетші, парасатты профессор Жанғара Дәдебаев. Ол кезде жап-жас оқытушы. Лекцияны жан-тәнімен беріліп оқиды. Бірақ тым пысық, сөзуар студент оған салғаннан ұнай қоймаған сияқты. Оның үстіне бұл әдебиет теориясынан академик Зейнолла Қабдолов дәріс беретін шығар деп сонша күтіп, көңілі қоңылтақсып жүр еді. Зекеңнің «Сөз өнерін» Шымкентте жүргенде сатып алып, жата-жастана оқыған. Әдебиет әлеміне жетелеген де осы кітап болатын. Математика теориясын, сызба геометрияны, геологияны жілікше шағатын зерек студент «төрттікті» сабақ білмегені үшін емес, жыбырлап тыныш отырмағаны үшін алды.

Содан филфаққа академик Қабдоловты іздеп барды. «Осылай да осылай. «Сөз өнерін» қолымнан тастамай оқыған елгезек бала едім. Емтиханды қайта тапсыруға бола ма?». Зекең студентті асықпай тыңдап, «Деканаттан жолдама алып келе ғой, айналайын, емтиханды өзім қабылдаймын», – деді. Кейін каникул басталды, қол тимеді, басқа себептер килікті, әйтеуір реті келген жоқ. Көп ұзамай ұмытып та кетті. Өзі біреудің жалғыз ұлы болған соң, сынақ кітапшасындағы жалғыз «төртті» жойып жіберуге қолы бармаған шығар. Есесіне «Жетектеген жетекшіңнен айналдым, жетекке жүрген сенен айналдым», – деп Жанғара Дәдебаевтың анасы айтқандай, Жәкеңнің жетекшісі – академик Қабдоловқа кейін бұл да шәкірт болды. Елге белгілі екі ағасының да талай жақсылығын көрді. Амантай Шәріп – Қабдоловтың докторанттар галереясындағы талантты ғалымдардың бірі. «Ғалымдығы ақындығын өңгеріп, ақындығы ұстаздыққа жол бергені» (Ж.Әбдірәшев) болмаса, журналистігі осы қырларының ешқайсысынан кем түспейді. Бұқаралық ақпарат саласында да өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Бертінде елдің бас газеті «Егемен Қазақстанды» да басқарды.

Кейін өлеңді көп жазбай кетті демесең, өз оқырманына талантты ақын екенін таныта алды. «Құбыла» деген жалғыз жыр жинағы – өлеңге аса талғаммен қарайтындығының куәсі. Ақындық қуаты жеткілікті бола тұра, биттің қабығындай жұқа кітаппен шектелді. Ал енді осы не кітап екені, не дәптер екені белгісіз, көзге қораштау біртүрлі баспасөз өнімі жарнамашыл ақындардың жалпақ жинақтарының көбісін он орап алады. Ойлылығымен, тереңдігімен, көркемдігімен...

Оны айтасың, студент кезінде ақындар айтысына қатысып, бәйге алғаны бар. Ол сол жылдардағы журфактың жезтаңдайы, сөз сүлейі, бүгінгі сыршыл суретші Ерсайын Жапақпен айтысты. Қашанда айтыс үстіндегі қайтпас қайсарлығымен ерекшеленетін Ерекең алдыма Амантай келді екен деп айылын жия қойған жоқ. Жас баланы жасқап алғысы келгендей, ұзағынан бір қайырып, кезегін ұсынып еді, төменгі курстың ақыны төмен қарап отырып:

Ассалаумағалейкум, ақын ағам,
Айтысыңды талай мен бақылағам.
Барлығында жеңіліп қалсаң-дағы,
Ыржалақтап кетуші ең сахнадан, –

деп қойып қалды. Ерсайын ұтымды жауап берген інісіне сүйсініп, кеңпейілділік көрсетті. Айтыс одан әрі қарай достық рәуіште жалғасты.

Ал енді Амантайдың ән салғанын көрген адам оның өнер жолын қумағанына қапа болар еді. Дауысы ерекше сазды. Тыңдаған адам еріксіз ұйиды. Гитарада тәуір ойнайды. Музыканың мән-жайын терең түсінетіндер оның қабілет-қарымын өте жоғары бағалайды. Бірақ ешқашан елдің алдына шықпайды, концерт қоймайды, кеш өткізбейді. Айтпақшы, Сыр бойының тегеурінді телемагнаты, арқалы ақын Шаһизада Әбдікәрімов түсіріп берген жалғыз клипі бар. Оны да жұрт назарына ұсынуға құлықты емес. Бірақ анда-санда әнші Әбенің рахатын біз көреміз. Шағын той-томалақта «Ән салшы, бір балай...», – деп қол шапалақтап, дем беріп отырамыз. Оған Әбе деген атты талантты ғалым інісі Ақеділ Тойшан қойды. Тек ана әлемге әйгілі әйдік Әбемен шатастырып алмау үшін үлкенін «Әлемнің Әбесі», кішісін «Әлімнің Әбесі» дейміз.

Осыдан екі-үш жыл бұрын бар жұмысын жинап қойып, Отан соғысында қаза болғандардың деректерін іздеумен айналысты. Компьютердің құлағында ойнап, интернеттің иіріміне сүңгіп, талай жолдас-жорасының баяғыда хабарсыз кеткен аталарын тауып берді. Сол үшін техника тілін жетік білетін ол мың тәсіл қолданған шығар. Бәріміз аталарымыздың рухымен қауышып, жырғап қалдық. Жігіттердің алды көрші елдердегі бауырластар бейітіне барып қайтты. Содан соң оған жүдә риза болып, «Ата тапқыш Амантай» деген өлең шығардық.

Тағы бірде «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы болып қызмет істеп жүрген кезінде өзінің бірінші орынбасары Талғат Батырханның қолын пышақ кесіп кетіпті. Қашаннан зар заман ақындарымен рухтас Тәкең сары уайымға салынып отырғанда, Амантай оны емханаға ертіп апарып, дереу дәрігерге қаратады, жедел ем-дом жасатады. Онымен қоймай жұбатады, жігерлендіреді, жанына жылу себеді. Өмірден және өз тәжірибесінен мың-сан мысал келтіріп, мұндайда күйреуіктікке бой ұруға болмайтынын ғылыми тұрғыдан негіздеп тұрып түсіндіреді. Жаңа ғана қолына оқ тиген жауынгердей, ыңырсып әзер тұрған Талғат екі көзі шоқтай жанып, «Содан бері жақсы көріп тұрмын Амантайды», – деп жақын-жуыққа телефон шала бастайды. Ал осылай алдыңа түсіп, елпектеген Амантай кейде саусағыңды пышақ тілмек түгілі жылан шағып алса да былқ етпейді.

Мінез-құлқына адам түсініп болмайды. Көңіл-қошы келмей тұрса, трактормен сүйресең де жетегіңе жүрмейді. Әңгімені беріліп отырып айтсаң да, құлағына қыстырмайды. Ал өзі ықыластанып әңгіме айтқысы келсе, тыңдап отырсың ба, жоқ па, онда шаруасы болмайды. Амантай қажы секілді өршелене сөйлеп, назарыңды еріксіз аудару оның әдетінде жоқ. Тыңдасаң тыңда, тыңдамасаң қой...

* * *

Технологтың оқуын оқыған ол қай істің де тиімді тетігін тапқанды қалап тұрады. Сондықтан оның өмір жолын таңдау технологиясы да дұрыс болған сияқты. Біз, әрине, досымыздың өз ортамызда жүргеніне қуанамыз. Алайда, осы күні кейбір ғимараттың айдың-күннің аманында опырылып түскенін көргенде, біртүрлі күй кешеміз. Сол салаға бір Амантай жетпей тұрған секілденеді.

Егер ол әзірлесе, кірпішін де, бетоның да ешқашан сетінемес еді...

* * *

Бүгін бір кезде кірпіштен қашып, бетоннан безініп, арматурадан аулақтап, ақыры әдебиеттануға келіп, үйірін тапқан ғибратты ғалым, парасатты публицист, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Амантай Шәріп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан марапат алды! Ол енді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері! Құтты болсын! Қырық жылдан бері қатарлас, қанаттас келе жатқан Амантайға амандық тілейміз!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ПАРТИЯЛАР НЕГЕ БІР-БІРІНЕ ШҮЙЛІКТІ?

(Соңы. Басы 1-бетте).

Саяси полемика қайта оралды ма?

Қоғам арасында партиялардың саяси полемикаларына деген сенімі төмен екені жасырын емес, тіпті партиялар арасындағы текетірес саяси шоу ретінде көрінеді. Саясаттанушының есептеуінше, саяси арена әлі жоғары бәсекелестікке негізделмегендіктен, елде саяси пікірталас институты жоғары деңгейде қалыптасты деп айтуға әлі ерте. Алайда «декоративті пони» сынды мәлімдемелер – прогресстің көрсеткіші.

«Саяси мәдениетті қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі – плюрализм мен саяси пікірталастың болуы. Егер плюрализм мен саяси пікірсайыс болмаса, саяси мәдениет те жоғары деңгейге көтеріле алмайды. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі күні партиялардың бір-бірін «блогерлердің партиясы», «ақалтеке», «декоративті пони» деп атауы бұрынғы кезеңмен салыстырғанда бір қадам алға жылжу деп ойлаймын», – деді Шыңғыс Ергөбек.

Саясаттанушының пікірінше, Нұрсұлтан Назарбаевтың тұсында саяси жүйеде жалпы партиялық бәсекелестіктің дамуына жағдай жасалды деп айту қиын. Сол себепті қазір бір саяси күшті қолдайтын партиялардың өкілдері халық алдында полемика туғызып, өздерін артық көрсетуге, оппоненттерінің әлсіз тұстарын әшкерелеуге тырысып жатыр. Бұл – саяси аренаның біртіндеп бәсекелі науқанға айналып келе жатқанының көрсеткіші.

Жеке басқа шабуыл – саяси мәдениеттің белгісі ме?

Кез келген демократиялық қоғамда өтетін сайлау процесінде бәсекелес науқаншылардың бір-бірін айыптауы – объективті құбылыс. Дегенмен Құрылтайдан дәмелі партиялардың «пони» мен «көпестер» секілді сыни айыптары бағдарламалық немесе идеологиялық деңгейде емес, көбіне тұлғалық деңгейде өрбігендей. Алайда саясаттанушы жеке басқа қатысты шабуылдардың болуы саяси мәдениеттің төмендігін білдірмейтінін жеткізді.

«Негізі адам жария саясатқа келгенде немесе жария өмірге араласқанда жеке басына қатысты сынның болатынына дайын болуы керек. Себебі сіздің бағдарламаңыз қаншалықты мықты болса, соншалықты сіздің жеке басыңызға, партияңыздың әлсіз тұстарына немесе идеологиялық ұстанымдарыңызға қатысты сын көбейе бастайды. Қалай болғанда да, әлемде саяси оппонентердің бір-бірінің жеке басына қатысты сын айтуы – кең қолданылатын әдістердің бірі», – деді сарапшы.

Сонымен қатар саясаттанушы қатаң сыни полемика мәселесінде этика мәселесі мен идеал заңдылықтарға сүйенудің қажеті жоқ екенін айтады.



«Саясаттағы этика мәселесіне де белгілі бір дәрежеде сақтықпен қарау керек. Әрине, жоғары этикалық ұстанымдағы саясаткерлер бар. Бірақ саясат әрдайым этикалық нормаларды толық сақтайтын қоғамдық институт деп айту қиын. Оның өзінің ережелері мен заңдылықтары бар. Алайда барлық саясаткер міндетті түрде саяси этиканы сақтауы тиіс деген қағида жоқ», – деді сарапшы.

Агрессивті риториканың астарында не жатыр?

«Соғыста барлық тәсіл жақсы» демекші, агрессивті сыни риторикаға бірден көшуі тағы бір заңды сауал тудырады – партиялардың бұл әрекетіне қоғамдағы протестік көңіл-күйдің артуы мен олардың өз электоратын жоғалтып алудан қорыққан «саяси үрей» себеп болған жоқ па?

Сарапшы Шыңғыс Ергөбектің сөзінше, бұл – қоғамдағы электоралдық бәсекенің артуымен байланысты құбылыс. Партиялар өз электоратын жоғалтпаудан бөлек, бәсекелестерінің электоратын өз жағына тартуға мүдделі болып отыр.

«Партиялардың соңғы уақытта агрессивті риторикаға көшуінің себебі қоғамдағы электоралдық бәсекенің артуымен байланысты. Бұл жердегі басты мақсат – өз электоратын жоғалтпау ғана емес, қарсыласының сайлаушысын өз жағына тарту. Өйткені бүгінгі партиялардың басым бөлігі Президенттің айналасына топтасқан. Сондықтан олардың арасында түбегейлі идеологиялық антагонизм жоқ. Сол себепті күрес көбіне жеке тұлғалар деңгейінде жүреді», – деді ол.

Құрылтайдағы шынайы сынақ

Десе де, сайлаушының көкейіндегі басты сұрақ әлі де жауапсыз қалып отыр. Сайлау қарсаңында бір-бірін аяусыз сынаған партиялар Құрылтайға өткен соң шынымен де дәл осындай принципшілдігін сақтай ма? Әлде заң жобаларын талқылау кезінде қайтадан ортақ ұстанымға келіп, бұрынғыдай үнсіз келісімге көше ме?

Саясаттанушы Шыңғыс Ергөбек мұның басты себебі партиялар арасындағы идеологиялық айырмашылықтың айқын болмауында деп есептейді.

«Сайлауалды науқанда мұндай риториканың болуы – заңдылық. Егер мұндай риторика кең қанат жайып, Құрылтай қабырғасында да жалғасса, бұл бәсекелес партиялардың қалыптасып келе жатқанының белгісі болар еді. Алайда мазмұндық тұрғысынан қарасақ, саяси партиялардың арасындағы айырмашылық соншалықты үлкен емес. Қанша дегенмен, олардың басым бөлігі – Президенттің маңына топтасқан саяси күштер. Сондықтан олар өзара саяси риторика туғызуға тырысқанымен, бұл, ең алдымен, бәсекелестікке деген ұмтылыстың көрінісі», – деді саясаттанушы.

Сайлау қарсаңында бір-бірін «декоративті пони», «блогерлер партиясы», «саудагерлер» деп айыптап жүрген саяси күштер ертең заң жобалары қаралған кезде қайтадан бірауыздан дауыс беретін болса, онда қазіргі тартыстың басым бөлігі сайлауалды технология болып қала беретіні анық. Ал егер дәл осы принципшілдік заң шығару процесінде де сақталып, партиялар бағдарламалық әрі идеологиялық ұстанымдары үшін ашық пікірталасқа түссе, онда Қазақстанда шынайы парламенттік мәдениет пен саяси бәсекелестіктің жаңа кезеңі басталды деуге негіз бар. Қалай болғанда да, бәсекенің шынайы деңгейі съезд мінберінде емес, Құрылтай қабырғасында көрінбек.

nege.kz

2026 жылғы Құрылтай сайлауы қарсаңында партиялардың кандидаттар тізімі қоғамның ерекше назарын аударды. Бұл жолы да тізімдерден әншілерді, блогерлерді, тележүргізушілерді және басқа да танымал тұлғаларды көруге болады. Мұндай үрдіс қоғамда түрлі пікір туғызды. Бірі мұны партиялардың электоратпен байланыс орнатудың тиімді тәсілі деп бағаласа, енді бірі Парламентке ең алдымен кәсіби мамандар баруы керек деген пікірде.

ЖҰЛДЫЗДАР МІНБЕРІ МЕ, САЯСИ АЛАҢ БА?


Коллаж: Dalanews.kz

Осы мәселеге қатысты BAQ.KZ порталына пікір білдірген саясаттанушы Риззат Тасым *(дереккөз: https://baq.kz/anshi-blogerler-qaytadan-deputat-bola-ma-320034831/)* танымал тұлғаларды саясатқа тарту «жаңа тәсіл емес» екенін айтады. Оның пікірінше, мұндай қадамның басты мақсаты – партияның ақпараттық кеңістіктегі ықпалын күшейтіп, сайлаушылардың назарын аудару. Сондықтан мұны бүгінгі саяси технологиялардың бір бөлігі ретінде қарастыруға болады.

Алайда сарапшы қоғамдағы талқылаудың мазмұнына алаңдайды. Оның айтуынша, қазіргі таңда жұртшылық партиялардың бағдарламаларынан бұрын кандидаттардың кім екеніне көбірек мән береді. Ал «негізгі бәсеке бағдарлама төңірегінде болуы керек» деген ұстаным екінші кезекке ығысып барады. Бұл құбылыс сайлауалды пікірталастың сапасына әсер етпей қоймайды.

Шынында да, кез келген депутаттан ең алдымен заң шығару қызметіне қажетті білім, тәжірибе және қоғамдық мәселелерді шешуге қабілеттілік талап етіледі. Танымалдық пен көпшілікке белгілі болу – саясаттағы артықшылықтардың бірі болғанымен, ол кәсіби дайындықтың орнын баса алмайды. Сарапшы да осыған назар аударып, «танымалдық депутаттың кәсіби қабілетін білдірмейді» деген ой айтады.

Құрылтай сайлауы қарсаңында партиялардың өзара сыны да күшейді. Кейбір саяси күштер қарсыластарының тізіміндегі блогерлер мен шоу-бизнес өкілдерінің көптігін сөз етіп, олардың саяси тәжірибесіне күмән келтірді. Алайда сарапшылар мұндай айтыстан гөрі, партиялардың экономикалық, әлеуметтік және құқықтық бастамалары жөніндегі пікірталас қоғам үшін әлдеқайда маңызды екенін айтады.

Сайлау – танымал адамдардың жарысы емес, идеялардың бәсекесі болуы тиіс. Сондықтан сайлаушының таңдауы да кандидаттың әлеуметтік желідегі оқырманының санына емес, оның қоғам алдындағы жауапкершілігіне, кәсіби тәжірибесіне және партияның нақты бағдарламасына негізделгені маңызды. Сонда ғана Құрылтай сайлауы шынайы саяси бәсекенің алаңына айналып, қоғам күткен нәтижеге қол жеткізе алады.

«Әділет – ақпарат»

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Әл-Фараби ауданы бойынша МКБ
Бас маман Қадыр Н.

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

2023 жылдың 9 қаңтарында қайтыс болған **Исаков Талипбай Мекенбаевичтан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2026 жылдың 1 сәуірінде қайтыс болған **Оспанов Конырбай Бекмырзаевичтан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умерла **Карабаева Кулзипа Бейсеновна**, дата смерти: 26 мая 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Каржаубаева Зоя Серикбаевна**, дата смерти: 21 октября 2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті 2025-2026 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің бос қызмет орындарына

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ:

(Лицензия: №KZ87LAA00015319)

БАКАЛАВРИАТ:
6B01110 - «Педагогика және психология»
6B01210-«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
6B01310- «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
6B01420-«Музыкалық білім»
6B01440- «Дене шынықтыру және спорт
6B01508-« Математика»
6B01521- «Математика-Физика»
6B01509-«Информатика»
6B01540-«Химия»
6B01545-«Химия-Биология»
6B01550-«Биология»
6B01560-«География»
6B01610- «Тарих»
6B01710-«Қазақ тілі және әдебиеті»
6B01720-«Орыс тілі және әдебиеті»
6B01730-«Шетел тілі: екі шет тілі»
6B01910-«Дефектология»
6B02110-«Дизайн»
6B04110-«Экономика»
6B04120-«Менеджмент»
6B04130-«Есеп және аудит»
6B04140-«Қаржы»
6B04150-«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
6B04160-«Маркетинг»
6B04210 -«Құқықтану»
6B06126- «Информатика»
6B06138- «Ақпараттық жүйелер»
6B06130-«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
6B06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
6B07110-«Электр энергетикасы»
6B07120-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»
6B07310-«Сәулет»
6B07320- «Құрылыс»
6B07323-«Сумен жабдықтау және кәріз жүйесі»

МАГИСТРАТУРА:
7M01101-«Педагогика және психология»
7M01514-«Математика»
7M01520-«Информатика»
7M01540-«Биология»
7M01512-«География»
7M01610-«Тарих»
7M01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті»
7M01720-«Шетел тілі:екі шет тілі»
7M04140-«Есеп және аудит»
7M04209-«Құқықтану»
7M06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
7M07112-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»

ДОКТОРАНТУРА:
8D01110-«Педагогика және психология»
8D01540-«Химия»
8D01550-«Биология»

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР:
- Университеттің тәрбие және әлеуметтік істер жөніндегі проректоры
- Факультет декандары
- Оқу-әдістемелік басқарманың бастығы, әдіскерлері
- кітапханашы
- СМК маманы
- Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім бастығы
- Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім маманы
- Кафедра меңгерушісі
- маркетинг және кәсіптік бағдар беру бөлімінің бастығы
- Тіркеу бөлімі (офис-регистратура) мамандары
- Әдістемелік кабинет секторының меңгерушісі
- Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі бастығы, әдіскерлері

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Тиісті құжаттарды осы хабарлама жария-ланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.

БІЛІКТІЛІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:
3 жылдан кем емес тәжірибесі бар
-ғылым кандидаттары, ғылым докторлары
-аға оқытушылар.
-оқытушылар
- PhD

ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Жалақы келісім бойынша. Тиісті құжаттарды осы хабарлама жария-ланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.
Байланыс телефоны:
8 (7252) 95-25-98.
e-mail: otdelkadrov.kipudn@mail.ru

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
"Тасс-Media" ЖШС директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).*
Газет ЖК "Print Sap" баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 1445.



БАС ХАТШЫ СҰЛТАН РАЕВ СКОПЬЕДЕ

TÜRKCOЙ Халықаралық ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев Солтүстік Македонияның Мәдениет және туризм министрі Седат Сүлейманиді жаңа қызметімен құттықтады.

TÜRKCOЙ Бас хатшысы Сұлтан Раев ресми сапармен Солтүстік Македонияда болып, елдің Мәдениет және туризм министрі қызметіне жаңадан тағайындалған Седат Сүлейманимен кездесті. Бас хатшы Сұлтан Раев Седат Сүлейманиді жаңа қызметімен құттықтап, алдағы жұмысына табыс тіледі.

Кездесу барысында TÜRKCOЙ мен Солтүстік Македонияның Мәдениет және туризм министрлігі арасында қол қойылған ынтымақтастық туралы хаттама аясында басталған институционалдық әріптестіктің қазіргі жай-күйі талқыланды. Тараптар алдағы кезеңде бұл ынтымақтастықты одан әрі нығайтып, бірлескен мәдени жобаларды дамыту мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Кездесуге Қазақстан Республикасының Солтүстік Македониядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Сатыбалды Бұршақов пен Түркия Республикасының Скопьедегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Фатих Ұлысой да қатысты.



"FESTLIFE ISTANBUL" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ

Түркияның Ыстамбұл қаласында FestLife İstanbul Awards халықаралық көпжанрлы байқау-фестивалі өтті. Фестивальге Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей және Молдова елдерінен келген шығармашылық ұжымдар мен жеке жас орындаушылар, жалпы саны 500-ден астам өнерпаз қатысты.

Ыстанбұл қаласының Бағжылар ауданындағы Мәдениет үйінде өткен іс-шара FestLife İstanbul байқауының ұйымдастырушылары, Бағжылар ауданының әкімдігі және Қазақкенттегі Алтай қазақтары қоғамының ұйымдастыруымен өткізілді.

Фестивальдің ашылу салтанатында Түркиядағы Әділет және даму партиясы (Ыстанбұл) бөлімшесі басшысының орынбасары Мехмет Шахин, Бағжылар ауданы әкімдігінің Сыртқы байланыстар бөлімінің басшысы Мұстафа Араш, Ыстанбұлдағы бірінші Қазақ Бас консулы, TYРКСОЙдың Бас кеңесшісі – осы жолдардың авторы құттықтау сөз сөйлеп, байқауға қатысушыларға және жас өнерпаздарға сәттілік тіледі.

Қатысушылар вокал, хореография, аспаптық өнер және бейнелеу өнері номинациялары бойынша өз өнерлерін ортаға салды. Әсіресе, түркі халықтарының дәстүрлі өнері жоғары деңгейде таныстырылды.

Жексенбі күні Мармара теңізінде яхта кеме бортында фестивальдің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Ал 13 шілде күні негізгі байқау ұйымдастырылып, ол екі кезең бойынша өткізілді. Сахнада көптеген дарынды әрі кәсіби деңгейі жоғары шығармашылық ұжымдар өнер көрсетіп, өздерінің шығармашылық шеберлігі мен жоғары дайындықтарын паш етті.

Фестивальдің басты мақсаты – жас таланттарды қолдау, халықаралық мәдени байланыстарды нығайту, түрлі елдердің шығармашылық ұжымдары арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау, сондай-ақ өнер арқылы халықтар арасындағы достық пен мәдени ынтымақтастықты дамыту.

Байқауда қазылар алқасының құрамында өнер мен мәдениет саласының беделді мамандары қызмет атқарды. Қазылар алқасының құрамында: Украинадан актриса, әрі әнші Елена Головина, Ыстанбұлдан мәдениет саласының үздігі, домбырашы Седат Солакоғлу, Мехмет Әлім,Түркиядағы «Томирис Хатун» халықаралық мәдени-шығармашылық қауымдастығының төрайымы, «Қыпшақ» театрлық-эпостық фольклорлық ансамблінің жетекшісі Анар Байжан, Ташкент қаласындағы Фаррух Закиров атындағы өнер мектебінің директоры Дилноза Сапарова, Қырғызстаннан мәдениет саласының үздігі Шерзат Имамов, Ыстанбұлдағы алғашқы Қазақ консулы, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының түлегі, хореограф-қоюшы Амангүл Ермекқызы, Әзербайжандағы «Асиман» балалар ансамблінің және «Хазар Фолк» халықаралық фестивалінің директоры Вахид Октай оғлы Салимов, Дағыстан Республикасы мен Ингушетия Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Дағыстан мемлекеттік опера және балет театрының жетекші солисі, Дағыстан мемлекеттік педагогикалық университетінің хореография факультетінің оқытушысы Жамилия Гасанқызы Ахмедова және осы жолдардың авторы болды.

Тәжірибелі мәдениет және өнер майталмандары әрбір жас өнерпаздың шеберлігін жоғары бағалады.

Байқау қорытындысы бойынша Бас жүлдені Әзербайжанның Баку қаласынан келген «Асиман» шығармашылық ұжымы, Ресей Федерациясының Дағыстан Республикасының Махачкала қаласынан келген «Дар» шығармашылық ұжымы және Түркияның Анталия қаласынан келген «До Ми Солька» шығармашылық ұжымы иеленді.

Ал 500 АҚШ доллары көлеміндегі Супер Гранпри жүлдесі Қазақстанның Орал қаласынан келген «Рондо» шығармашылық ұжымына табысталды. «Fest Life» байқау жобасының ұйымдастырушылары – Қазақстан Республикасы Ақтөбе қаласының өкілдері Тынышбаев Олжас Нақыпұлы, Мұқанбетғазина Толқын Арыстанғалиқызы және Мамутова Нұржамалға Бағжылар ауданының әкімдігі алғыс білдірді.

Кездесу барысында мұндай халықаралық мәдени шараларды Түркі мемлекеттерінің басқа да қалаларында жиі өткізіп тұру мәселесі сөз болды. Өйткені түркі дүниесінің бай мәдениеті мен өнерін халықаралық деңгейде кеңінен насихаттау – барша түркі халықтарының ортақ мақсаты.

Жасасын Түркі дүниесі!

Ержан УӘЙІС,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
«Әділеттің» Түркиядағы арнаулы тілшісі
Ыстанбұл

ОЙЫ ӨРНЕКТІ ӨРЕН

немесе редакциядан кіріспе сөз

Нұрдәулет Алекул университет қабырғасында жазу машығын енді игеріп бастаған балаң талапкер. Соған қарамастан өзіндік ойлау жүйесі, ұлттық құндылықтарды қастерлеу тұрғысындағы тебіреністері елең етерлік. Ұлтын, тілін сүю, әлеужеліге көзжұмбайлықпен қарамау хақындағы пікір-пайымдары көкейге қонады. Еш өзгертусіз жарияланып отырған болашақ журналистің тырнақалды үштаған туындысын оқи отырыңыздар, оқырман қауым.



ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАҒДЫРЫ – БІЗДІҢ ТАҒДЫРЫМЫЗ

Тіл – бұл жай ғана сөйлесу, қарым-қатынас құру құралы емес. Тіл – халықтың мұддесі, мұрасы, халықтың болмысы мен жаны. Тілін жоғалтқан халықтың ұлтын жоғалтуы алыс емес. Осы ұғымды әрбір азаматтың түсінуі парыз. Тіліміздің тағдыры – біздің болашағымызға, ұлттық болмысымызға тікелей қатысты. Қазақ тілінің тағдыры мені өте қатты алаңдатады. Қазақ тілінің қазіргі таңдағы жағдайы қалай? Тілімізге деген құрметіміз артуда ма, әлде жоғалуда ма?

Қазіргі таңда өзін көлеңкеде сезінетін қазақтардың санының көбейіп келе жатқаны – ащы шындық. Бұл сөздерім, жазған мақалам оларды айыптау емес, біз маңызы мен уақыт өтуімен болатын салдарын ұғыну жолындағы жан айқайым. Неліктен қазақтар өз тілінде сөйлеуге қысылады? Қазақша қаріптерді қолдануды неліктен «ыңғайсыз» санайды? Бұл мәселенің түп-тамыры сіз ойлағаннан әлдеқайда терең орналасқан. Адамның өзге тілде сөйлеуі мәселе емес, сол тілде ойлауы – нағыз дабыл. Біз өзге тілде ойлаған кезде, ойымызды сол ұлттың менталитетімен байланыстыра бастаймыз. Сол елдің жеткен жетістіктерін көріп, өзімізді бейсаналы түрде сол елмен салыстыра бастаймыз.

Әрине, өзге елдің жетістіктері бізден көп болуы мүмкін, бізден бірнеше қадамға, тіпті бірнеше жылға алда болуы мүмкін. Алайда, бұл өзімізді екінші тапқа қойып, қазақ болғанымыз үшін ұялу сезімін тудыру керек пе? Әрине жоқ. Өзгенің жетістігін көре білу, оған қуану адамгершіліктің белгісі. Ал сол жетістікке қарап, өзіңнің ұлттық мүддеңді түсіріп, қазақ болғаныңа қысылу – нағыз дабыл қағатын жәйт. Біз өзгеге қарап өзімізді төмен санамауымыз қажет. Керісінше, алдыға ұмтылып, қазақ екеніңді мақтан тұтып, ұлтыңның маңызын арттыруың қажет. Алайда осындай ой үшін тек қазақты қаралау қате. Біз осы мәселенің түп тамырын көріп, одан арылуымыз қажет. Осындай мәселенің орын алуы – КСРО кезеңінен қалыптасқан. Ұлы қазақтарды құдалап, қазақ мектептерінің жабылуы, тіпті қазақтардың бұрын көптеп білім алған медреселерге дейін орыс тілінде білім беруге көшкен болатын. Қазақша сөйлеп, қазақша ойлағандардың тағдыры қиын болуы – қазақтар үшін үлкен қорқыныш тудырды десек қателеспейміз. Неліктен олар қазақша сөйлейтіндерді құдалады? Себебі қазақша сөйлеп, қазақша ойлайтындар – ұлтының қамын жейді, елінің тәуелсіздігін аңсап, сол жолда күреседі. Осындай көзі ашық тұлғалар сол заманда керек болды ма? Биліктегілер үшін керек болмақ түгілі, олар нағыз қауіп болды. Әрине, көзі ашық, көкірегі ояу халықты басқару қиын. Олар үшін ең тиімдісі – халықты жою болды. Ал халықты жою үшін ең алдымен нені жою керек екенін бәріміз білеміз.

Тіл. Халқының тағдыры үшін жанын пида етсе де, қазіргі таңда орысша ойлайтындар көп. «Найман ана» аңызындағыдай қорлық көрсетпей-ақ, мәңгүрттердің саны аз емес. Ұлы Абай, Міржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейхановтар қазіргі халқының жағдайын көрсе не ойлар еді? Халық дейміз-ау, Майя Бекбаева әпкеміздің видеоролигін көріп жағамды ұстадым. Ұлы тұлға – Әлихан Бөкейханов атамыздың тікелей тұқымы – Петр Бөкейханов қазақ тілінде оқып-жаза алмақ түгілі, түсінбейді де. Бірден алып оны сөгу – қате. Тек 1989 жылы ақталған Әлихан атамыздың сол кездегі ұрпақтарына түскен қысымды елестетудің өзі қиын. Алайда «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» - деп, халқы үшін жанын аямаған мақтаныш атамыздың ұрпағының орыстанып кеткені қарын аштырады. Оның ұрпақтарына көрсетілген қысым не үшін керек болғанын түсінуіміз қажет. Елестетіңізші, болашақ ұрпағыңыз орыстанып, өз ұлты үшін ұялып, өзге елде табаланып жүрсе. Дәл осындай қорқынышты тағдыр келер ұрпағыңыздың болмысына айналғанын қаламасаңыз, бәрін өзіміздің бастауымыз қажет. Ұл-қызыңыз қазақ болып туылғанына мақтануы қажет, халқы үшін еңбек етуге аянбауы өте маңызды. Ал осының барлығына бастама – қазақ тілінің өзектілігі. Біздің қазіргі күніміз үшін жанын аямаған ата-бабаларымыздың үмітін ақтап, келер ұрпаққа насихаттауымыз қажет.

Сондықтан да мен қазақ тілін тек сабақта ғана емес, өмірімнің барлық саласында қолдануға тырысам. Себебі мен тіл арқылы ұлтымды, ата-бабамды, тарихымды, арнамысымды қорғаймын. Бұл – менің азаматтық ұстанымым. Бұл тек қана тіліміздің тағдыры емес – бұл біздің тағдырымыз. Ұлтымыздың тағдыры. Қазақ болу — ұят емес. Қазақ болу — асқақ абырой.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР: ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Қазіргі таңда қолында телефоны жоқ адамды кездестіру мүмкін емес шығар. Әлі толық бой көтермеген баладан бастап, жасы келген үлкен кісілерге шейін телефон қолданады. Қай жаста болсын, қандай мақсатта болсын, телефонды пайдалану – қалыпты іске айналып бара жатыр. Алайда, көптеген қолданушылардың мақсаты – ақпарат алмасу. Ал ақпарат көздері – әлеуметтік желілер. Бұл – көптің басын қосқан виртуалды әлем. Өміріміздің ажырамас бөлігі болып бара жатқан әлеуметтік желілердің пайдасы ғана көп пе? Анық-қанығын бірге қарастырайық.

Шынында да, әлеуметтік желілер күнделікті қолданыста. Бірақ та бір таяқтың екі ұшы бар екені бәрімізге мәлім. Біріншіден, әлеуметтік желілер - тәуелділік тудырады. Бұрын таң кофемен атады десе, қазір әлеуметтік желіні тексерумен басталады. Бұл өзімізге білінбесе де, әлеуметтік желіге деген тәуелділіктің белгісі. Есіңізге түсіріп көріңізші, ғаламтор желісі сөніп қалған, болмаса одан да бетер жарық сөніп, телефоныңыздың қуаты бітіп қалған кез. Қандай іспен айналысатыныңызды білмей қаласыз ғой. Міне, нағыз тәуелділіктің белгісі. Екіншіден, әлеуметтік желіде қажетті ақпараттан бөлек, қажетсіз немесе жалған ақпарат жетерлік. Бұл өз кезегінде ақпараттың құндылығын азайтады. Адамдар ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ажыратуы қиындап, жалған ақпаратқа еріп, оны таратуы мүмкін. Үшіншіден, әлеуметтік желідегі жұлдыздардың өз өмірін баршаға жариялауы. Бір қарағанда «Ода тұрған не бар?» деген сұрақ тудырады.

Алайда қазбалап қарасақ, бұл сол контентті пайдаланушының өзін-өзі бағалауына кері әсер етеді. Блогерлер, әртістер желіге тек өмірінің тәтті тұсын салып бөліседі. Осы контентті көрген адам «неге менің өмірім осындай емес? Менің қай жерім кем?» деген сынды ой қалыптасып, өзін өзі бағалауы төмендеп кетуі мүмкін. Әрине, желідегі ғажап өмірге жету жолындағы еңбекті көрмейді, тек нәтижені көреді. Осы үшін де, ол теріс әсерін тигізеді. Адам ақпаратты тұтынар алдында оны тексере білуі – өте маңызды қағидат болып бара жатыр. Себебі адамдарға жалған ақпарат тарату арқылы қаралым жинайтындар аз емес

Бірақ бұл тек теріс жақтары. Осынша қаралап алып, оның пайдасын айтпай кетуім қате болар. Біріншіден мен үшін әлеуметтік желінің пайдасы – қажетті ақпараттарға қол жеткізу. Жалған ақпараттар арасынан шынайы ақпаратты қазбалап, тексеріп алып табу қасиеті дамығандай сеземін. Бұл өз кезегінде – нағыз журналист боламын дейтін адамға қажетті қасиет. Екіншіден, өзім қызығатын адамдардың өмірін бақылай аламын, үлгі тұтатын тұлғамның парақшасын қарай отырып, бойыма керегін сіңіремін, мотивация ретінде пайдаланамын. Адам болған соң, кәтеліксіз өмір болмайды. Үлгі тұтатын адамдардан бөлек, ойымыз мүлде сәйкес келмейтіндер де аз емес. Осы арқылы, өз бойымдағы құндылықтарымды анығырақ байқай отырып, адам ретінде қалыптасуыма пайдасын тигізе аламын. Үшіншіден, өз көзіммен көрмеген жер болса да, әлеуметтік желі арқылы, сол өлкедегі адамдармен танысып, мәдениетін сәл де болсын зерттеп көре аламын. Бұл – нағыз мүмкіндік деп білемін.

Қорытындылай келе айтарым, әлеуметтік желілердің пайдасы, оң жағы жетерлік, егер оны дұрыс тұтына алсаңыз. Өзіңізге керектіні тексеріп қана алып, керек емес дүниені ысырып қойып пайдалансаңыз – өте дұрыс болады. Оң жақтарын ғана пайдалана отырып, тигізуі мүмкін зиян жақтарын ұмытпаңыз. Сіз әлеуметтік желіге емес, әлеуметтік желі сіз үшін еңбек атқарсын.

МЕНІҢ ІШІМДЕ ҚАНДАЙ КЕЙІПКЕР БАР?

Әр адам өзін тануы маңызды әрі ерекше. Өзін тани алатын адам өзімен дұрыс жұмыс жасай алады. Алайда өзге адамдар бізді басқаша етіп тануы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай және бұл әрқайсымыздың әртүрлі адамдарға деген көзқарасымыз бен сенімділігімізге байланысты. Ішімдегі кейіпкер деген менің түсінігімше – өзіңді әр ортада әрқалай ұстауың, әртүрлі адамға сан түрлі болып көрінуің. Нақты менің ішімде қанша кейіпкер бар екенін қарастырып көрсек.

Мен шынында да әр адаммен әртүрлі вайбты сезінемін десем болады. Бұны мен екіжүзділік етіп емес, мен өзімнің шынайы кейпімді бәріне көрсете бермеймін деп түсінемін. Бес саусақ бірдей емес екені бәрімізге мәлім. Сол себепті, әр ортада мен өзімді әрқалай ұстаймын. Біріншіден, жаңа танысқан ортада мен өзімді салмақты көрсетіп, сабырлылық танытамын. Ең алдымен адамды танып білуге зейін қоямын. «Ол адам менің шынайы бейнемді көріп таң қалып қалады ма, әлде менімен бір толқынды ұстап алады ма?» деген сұрақ пайда болады. Егер мен үшін жайлы орта болса, мен өзімді көрсете аламын. Ал егер мен өзімді қолайсыз сезіне бастасам, өзіме ұнамайтын ортада көп уақытымды құртпаймын. Осындай ортадағы адамдар үшін мен жабық тұлға болып көрінуім мүмкін. Екіншіден өзіме жақын адамдардың арасында мен өзімнің шынайы болмысымды еш ұялмай көрсете аламын. Себебі, олар мені сөкпейтініне кәміл сенемін. Осы кезде адамдар мені ашық, жайсаң жүзді етіп танитын болады. Үшіншіден, жай ғана қолайлы орта емес, ортақ қызығушылықтар, ұқсас құндылықтарымыз байланыстыратын орта болса, ол кезде өзімді тіптен жайлы сезінемін. Өйткені, ондай адамдармен байланыс ерекше болатыны айдан анық. Олармен қызығатын зат жайлы біршама жаңа ақпарат меңгеруге болады. Сол үшін де осындай ортада адамның ішіндегі нағыз қызығушылық оянады.

Қорытындыласам, әр адамның ішінде біршама ойлар болады. Белгілі бір адамның сізге көрсеткен суық қыры, ол адамның жабық интроверт екенін көрсетпейді. Жай ғана оған қолайсыз орта болуы мүмкін. Сол үшін де, әр адам өзіне тән адамдармен араласып, өзіне жайлы ортамен байланыс құруы өте маңызды деп санаймын. Егер сіз өзіңізді үнемі жайсыз сезінсеңіз, еш мойымаңыз. Мәселе сізде емес, сіз жүрген ортада. Сол үшін де, өзіңізге жайлы ортаны табуға шақырамын.

Нұрдәулет АЛЕКУЛ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және әлеуметтік ғылымдар мектебінің студенті
Астана қаласы